

Тәуелсіздік рухымен
өсіп келе жатқан
бүгінгі жас буын –
біздің ертеңгі
үмітіміз, сенімді
тірегіміз.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

«АҚШАМ»
АРҚЫЛЫ АЙТАМЫЗ



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК –
ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕ

6

ТӘУЕЛСІЗДІК-30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

07.10.2021

Түнде:



0, -2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-
шашын (жаңбыр, қар)

Күндіз:



+3+5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-
шашын (жаңбыр, қар)



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

08.10.2021

Түнде:



-1-3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

«ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ»

жобасының жүлдегерлері марапатталды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Кеше, «Елбасы медалі» жобасының алматылық жеңімпаздары марапатталды. 6 ай бойы өзін-өзі дамытумен айналысқан жастар қола медальдарды иеленді. Ал күміс және алтын медаль алу үшін әлі 1 жылдай тапсырмалар орындауы қажет.

Бұл – еліміздегі ең ауқымды challenge. Оған 14 пен 29 жас аралығындағы кез келген жас қатыса алады.

2

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚЫСТЫҢ ДА АУЫЛЫ АЛЫС ЕМЕС

Алматыда қар тазалауға 1000-нан астам техниканы жұмылдыру жоспарлануда



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Кеше түнгі сағат 2.10-нан бастап Алматыда қар аралас жаңбыр жауды. Ауа райын зерттеуші мамандардың болжауынша, қар үзіліспен 7 қазанға дейін жалғасатын көрінеді.

Ал таңертеңгі сағат 6-да таулы және тау бөктеріндегі аудандарда 3 см. қар түскен. Бірақ қалада топырақтың жылы болуынан қар бірден еріп кетіп жатыр.

Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасы мамандары көктайғақтың алдын алу мақсатында таулы және тау бөктеріндегі жерлерде орналасқан жолдарға көктайғаққа қарсы материалдар себіледі, сондай-ақ, биік тау жолдарынан (Шымбұлақ) қар сығырылады деп отыр.

2

ҚЫСҚА...

- Г.Головкин XXI ғасырдың ұлы боксшылары рейтингіне кірді.
- Еліміз «Astana Hub» арқылы 500 млн. долларлық IT-қызметтерді экспорттамақ.
- Нұр-Сұлтан мен Алматыда 5G интернет тестілеуден өтіп жатыр.
- Қазақ елінде жасалған электровоздар шет елге экспортталмақ.
- Алматыда үшем дүниеге келді.
- Қалада 1 қыркүйекте басталған күзгі әскерге шақыру науқаны 31 желтоқсанға дейін жалғасады.
- Алматылық өнертапқыштар жүрек ауырғанда Жедел жәрдем шақыра алатын құрылғы ойлап тапты.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



«ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ»

жобасының жүлдегерлері марапатталды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Биыл қола медаль үздік белгісі бойынша сынға түскен 15 алматылық жеңімпазға қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров «Елбасы медалін» тапсырып, жастарға ыстық лебізін жеткізді.

Жеңімпаздардың арасында тәжірибелі ұстаздар, ЖОО студенттерімен қатар, мектеп оқушылары да бар. Олар аталған жоба өзіндік дамуымызға ықпалдасып, жақсы әдеттерді қалыптастыруға жол ашқанын айтты.

Ердулет МҰҚАТАЕВ, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың (Соңы. Басы 1-бетте).

3-курс студенті, «Елбасы медалінің» жеңімпазы:

— Бұл жобаға қатысушылар 7 бағыт бойынша дамиды. Оның ішінде еріктілік, «ұлттық мұра», кітап оқу деген сынды бағыттары бар. Мен кітап оқу бағыты бойынша Ш.Айтматовтың кітаптарын, Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» деп аталатын туындысын оқыдым. Кітап оқу бағытының өзіндік талаптары болады. Мысалы, күніне 10-100 бет аралығында оқу керек. Оны 1 минутты қамтитын видеоға түсіріп немесе эссе түрінде жазып, «Елбасы медалі» деп аталатын бағдарламаның ішіне жүктеуіміз керек. Жалпы, 6 ай бойы біз өзімізді жан-жақты дамыттық десек болады. Болашақта алтын ме-

даль бойынша бақ сынасам деген ойым бар, — деді жеңімпаз.

Ирада МАМУТОВА, №153 мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы, «Елбасы медалінің» ең жас жеңімпазы:

— Бұл жоба маған көптеген нәрселерді үйретті. Домбыра тартуды, кітап оқуды, ең бастысы, уақытты үнемдеуді, реттеуді үйрендім. Бұл байқауда алға мақсат қоюға, сол мақсатқа жүйелі түрде жетуге дағдыландым. Барлық қазақстандық жастарға қорықпай, жобаға қатысып, бақ сынауға шақырамын, — дейді жеңімпаз.

2019 жылы ҚР Тұңғыш Президенті — Елбасы белсенді және талантты жастарды қолдау бойынша «Ел үміті» жалпұлттық саясатын ұсынып, бұл бастама аясында дарынды балаларды анықтайтын «Қабілет», «Елбасы медалі» сынды бірнеше бірегей жоба қолға алынған болатын. «Елбасы медалі» бағдарламасына қатысу тәртібі Үкімет қаулысымен бекітіліп, Тұңғыш Президент қорының қолдауымен өткізіліп келе жатыр. Оның басты мақсаты — өскелең ұрпақты қолдау және ынталандыру. «Елбасы медалі» жобасында әрбір қатысушыға өзін-өзі дамыту үшін жеті бағыт ұсынылған: «Спорт және дене шынықтыру», «Кітап оқу», «Дарын мен дағды», «Ұлттық мұра», «Еріктілік», «Туристік саяхаттар» және «Еңбек тәжірибесі». Бағдарламаны әзірлеуде үздік әлемдік тәжірибе қолданылған.

Жоба аясында жастар алтын, күміс, қола медальдар бойынша бақ сынаиды. Қола медаль — 6 ай, күміс медаль — 1 жыл, алтын медаль — 1,5 жыл уақытты қамтиды.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда күн сайын
237
егу бригадасы жұмыс істейді.



Алматыда
24 426
көпбалалы отбасы тұрады.



Мегаполисте
14 млн.
шаршы метр тротуар бар.



Мегаполисте күн сайын
700
мыңнан астам көлік жүреді.



Алматыда көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан жасөспірімдер үшін
100-ден
астам тегін үйірмелер ашылған.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚЫСТЫҢ ДА АУЫЛЫ АЛЫС ЕМЕС

Алматыда қар тазалауға 1000-нан астам техниканы жұмылдыру жоспарлануда



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Сонымен қатар, 285 арнайы техниканың, оның ішінде 97 құм шашқыш және 164 жол жұмысшысының түнгі кезекшілігі ұйымдастырылды.

Ал аудандық әкімдіктерде қар тазалау жұмыстарының барысын бақылау бойынша тәулік бойы кезекші топтар жұмыс істейтін болады.

Міне, енді бір жарым айдай уақыттан соң қылышын сүйретіп нағыз қыс келеді. Демек, қала көшелерін ақ ұлпадан тазалайтын техниканың да дайындығын тағы бір пысықтап қойғанның

(Соңы. Басы 1-бетте).

артықтығы жоқтығын ескерген Тұрғын үй саясаты басқармасы бірер күн бұрын 2021-2022 жылдардың қысы кезеңінде қарды тазалау бойынша өндірістік базалар мен мамандандырылған техниканың дайындығына тексеру жүргізген болатын.

Сала мамандарның айтуынша, жолдарды тазалау үшін 1038 бірлік арнайы техника іске қосылады. Жол жұмысшыларының саны 1400 адамды құрайды. Бұдан бөлек, қысқы кезеңге қосымша 1200-ге жуық жол жұмысшысын тарту жоспарлануда. Осылайша жұмысшылардың жалпы саны 2600 адамға жетеді.

Ведомствада хабарлағандай, техниканы қысқы жұмыс режиміне қайта

жабдықтау ауа райы жағдайына байланысты кезең-кезеңімен жүргізіледі. Егер қалың қар жауған жағдайда 18 құрылыс ұйымдарымен 150 қосымша техника — самосвалдар, тиегіштерді жалға алу туралы шарттар жасалды.

30 мың тонна тұз және 60 мың тонна құм алынды. Көктайғаққа қарсы материалдардың нормативтік санына (барлығы 33 мың тонна тұз және 80 мың тонна құм) жеткізу 15 қазанға дейін жүргізілетін болады. Ал қар қалың жауып жатса, сала мамандары қосымша 10 мың тонна тұз және 15 мың тонна құм жеткізуге келісімшартқа қол қойды. Сондай-ақ, барлық ауданда қар жиналатын орындар анықталды.

ФУТЗАЛ



Динара
МҰРАТ

БАҒДАР – ОҢ, МАҚСАТ – АЙҚЫН

Алматылық жанкүйерлер футболдан Қазақстан құрамасын күтіп алды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Біздің жігіттер Литвада өткен әлем чемпионатының қорытындысы бойынша үздік командалардың төрттігіне кіріп отыр. Натурализацияланған спортшылар мен жергілікті қазақтардан құралған команда жартылай финалға дейін жетіп, бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті.

Бразилиялық Паулу Рикардо Фигейра Силва жаттықтыратын Қазақстан құрамасы осыдан екі күн бұрын Алматыға табан тіреп, чемпионаттан кейінгі көңіл-күйлерімен бөлісті. FIFA президенті Джанни Инфантиноның қолынан марапат алған команда капитаны Игита қазақстандықтар тарапынан көрсетілген қолдауға алғыс айтып, әзірге ойын барысындағы кеткен қателіктер пысықталмағанын айтады.

«Біз үшін әлем чемпионатына қатысудың өзі қуантарлық жасадай, оған жетудің өзі қиын екенін жақсы білеміз. Барлық континенттерден мықты командалар жиналғандықтан, әр ойын сайын барымызды беруге тырыстық. Ең қызығы, Қазақстан үшін біздің ширек финалға шыққанымыздың өзі үлкен жаңалық болды, ал біздің үміт бұдан да жоғары болған. Біз өзімізге сенімді едік. Әрине, өкінетін тұстар бар, әсіресе, Португалияға қарсы ойында. Алайда чемпионаттан жаңа келген біздің құрамаға қателіктерді талдау әлі ерте, есімізді жиып, демалғаннан кейін міндетті түрде орала-

мыз. Бізге қазір демалудың өзі жаттығу, жарақаттарымызды емдеп, ой-санамызды қалыпқа келтіру керек», — деді құрама капитаны Игита.

Команда мүшелері әлемдік долада оңай қарсылас болмағанын айтады, бірақ қазақстандық жанкүйерлердің жалынды қолдауы

жеңіске жетуге үлкен септігін тигізгенін жеткізді.

«Әлем чемпионатында барлық қарсыластар мықты болды. Бізге алдымен өз тобымыздан шығу мақсат еді. Сондықтан қазіргі нәтиже — жаңалық емес. Осы жерде айтамын, қазақстандық жанкүйерлер — ең үздік

қолдаушылар. Әлеуметтік желіде, чат, мессенджерлерде әлі күнге дейін жазып, ізгі ниеттерін білдіріп жатыр. Қазақ еліне үлкен алғыс. Өкінішке қарай, үмітті толық ақтай алмадық. Бәлкім, барлық эмоция, ынта-жігерімізді жартылай финалға беріп, үшінші орынға таласта сол ұмтылыс жетпеген шығар», — деді Біржан Оразов.

Ойыншылардың болашаққа алған бағдары оң, мақсаттары айқын. Олар келе жатқан Еуропа чемпионатына дайындалып, міндетті түрде үздік үштікке кіретіндерін айтты.

Жанкүйерлер арасында спортқа жаны жақын жандардан бөлек, әншілер мен блогерлер де көрінді. Мысалы, Ғаділбек Жанай «Қазақ елі осындай!» әнін шырқап, өзге жанкүйерлермен бірге қолдау көрсетті.

«Әлем чемпионатында төртінші орын алу деген мен үшін үлкен жетістік. Осыдан бірер жыл бұрын мұндайды айтса, сенбес едім. Кешегі қобалжу мен көңіл-күйді жеткізу мүмкін емес. Иранмен ойынды қандай «эмоционалды ойын» десек, Португалияға қарсы шыққанда, үйде бәріміз жыладық. Сондай керемет көңіл-күйді болдық. Команда жаттықтырушысымен сөйлескенде, ойындағы эмоциядан гөрі, жеңіліске қарамастан, қолдау көрсеткен қазақстандықтардың пейілі жүрекке жылы тигенін айтды. Сондықтан отандастарымыздың әрбір жетістігін осылай қолдап, қолпаштап жүрейікші», — деді Ғ.Жанай.

Құрама командасы 2016 жылы Қазақстан Еуропа чемпионатының қола медалін жеңіп алса, 2018 жылы 4-орынды иеленді. Қазіргі уақытта Қазақстан УЕФА (Еуропалық футбол қауымдастығы) рейтингінде Испания мен Ресейден кейін 3-орында тұр.



ТҰҒЫШ!



Тарихи ерлік жасады



Рая
ЕСКЕНБІП

Биыл еліміздің тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің Байқоңырдан ғарышқа ұшқанына тура 30 жыл толды.

Осыған орай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтің Байқоңырдан ғарышқа ұшқан сәтін өз парақшасында еске алып: «30 жыл бұрын қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров Байқоңырдан ғарышқа ұшып, тарихи ерлік жасады. Бұл оқиға Қазақстанның ғарышты зерттеу бағдарламаларын іске асыруға негіз болды. Бүгінде осы саладағы жетістіктеріміз халқымыз бен ұлттық экономикамыздың мүддесіне қызмет етеді», – деп жазды.

Осыдан 30 жыл бұрын, 1991 жылғы 2 қазанда Тоқтар Әубәкіров, Александр Волков және австралиялық Франц Фибекпен бірге «Союз ТМ-13» кемесінің зерттеуші-ғарышкері ретінде ғарышқа аттанып, бір апта бойы «Мир» орбиталық кешеннің бортында жұмыс істеді. Олар 7 күн, 22 сағат 13 минут ғарышта болып, зерттеу жұмыстарымен айналысты.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021

Кері байланыс – маңызды!



Әсел
ДАҒЖАН

Халық санағы Алматыдағы халық туралы нақты мәліметтер беріп, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның жүктемесін азайтады.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Тимур Нұртаев санақ барысында алынған халық саны туралы деректер билікке мектеп, балабақша, аурухана мен емханалардағы орын жетіспеушілігімен күресуге, сондай-ақ, мегаполис пен елде туындаған басқа да мәселелерді шешуге көмектесетінін айтты.

Тимур Таймасұлының айтуынша, халық санағы – кез келген мемлекет үшін өмірлік маңызды оқиға. Олардың саны туралы мәліметтер қалаға жаңа мүмкіндіктер, соның ішінде қаржылық мүмкіндіктер ашуға көмектеседі.

«Алматы – қарқынды өсіп, белсенді дамып келе жатқан қала. Бізге тұрақты тұруға және жұмыс істеуге көптеген адамдар келеді. Бірақ тұрғындар неғұрлым көп болса, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға жүктеме соғұрлым жоғары болады. Мегаполистің дамуын болашаққа жоспарлау үшін халық саны туралы нақты мәліметтер болуы қажет», – деді Т.Нұртаев.

Ол санақ қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдар бюджет қаражатын тұрғындардың өзекті мәселелерін шешуге қайта бөліп, көлік жүктемесін дү-

рыс жоспарлай алатынын айтты. Бұдан басқа, нәтижелер әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу кезінде де ескеріледі.

«Құрылыс компаниясының иесі ретінде халық санағы азаматтардың әлеуметтік маңызы бар нысандар мен инфрақұрылымға деген сұранысын анықтауға көмектесетінін атап өткім келеді», – деп жалғастырды Т.Нұртаев.

Спикер санақ науқаны басталғаннан кейін бірден жаңа форматты пайдаланып, санақтан онлайн өткен.

«Құрылысшы ретінде маған тұрғын үй салынған материалдар туралы мәселе ерекше есте қалды. Бұл – мемлекетке халықтың өмір сүру деңгейі, тұрмыстық әл-ауқатына байланысты тұрғын үй қорының сапасы туралы нақты түсінік береді. Тек осылай ғана тұрғын үй саясатының, аумақтарды дамытудың ең тиімді бағытын таңдауға, біздің тұрғын үйіміздің сейсмикалық және өңірдің ерекшелігіне байланысты басқа да параметрлер тұрғысынан қаншалықты қауіпсіз екенін түсінуге болады», – деді Т.Нұртаев.

Сарапшы қазіргі уақытта тұрғылықты жері бойынша пәтерлерді аралау кезеңі басталғанын, сондықтан қала тұрғындары санақшылардан жасырынбауын, деректердің қолға түспейтінін айтты.

«Халық санағы тұрғындардың табыс деңгейін, олардың түрлі иеліктермен қамтамасыз етілуін тіркейді. Осы ақпаратсыз мемлекет жердемақы мөлшерін, орташа жалақыны, есептік көрсеткішті және әрқайсымыздың әл-ауқатымызға байла-



нысты басқа да деректерді саналы түрде жоспарлай алмайды», – деді спикер.

Биылғы санаққа қатысудағы өз тәжірибесінен Тимур Таймасұлы өзекті және өмірлік маңызы бар мәселелер бар екенін атап өтті.

«Кері байланыссыз халықтың нақты сұраныстарын мемлекет толық анықтай алмайды. Сондықтан мемлекет пен халық арасындағы байланыс осы халық санағы арқылы іске асады. Санақ кезінде әлеуметтік және инфрақұрылымдық шараларды қалай жүзеге асыру керектігі айқындалады. Демек, санаққа жаппай қатысу қажет. Өйткені, санақ сұрақтары азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Интервьюлерге есік ашқанда осыны ескерген жөн», – деді Т.Нұртаев.

Қазір елімізде халық санағы дәстүрлі форматта өтіп жатыр. Үй-үйді аралап жүрген интервьюерлер онлайн санақтан өте алмаған тұрғындарды санақтан өткізуде. Үй-үйді аралау жұмыстары қазанның соңына дейін жалғасады. Бұл жұмысқа 20 мыңнан астам қызметкер жұмылдырылған. Олардың барлығы ковидке қарсы вакцина алған. Айта кетейік, дәстүрлімен қатар онлайн санақ та жалғасатын болды. Оның мерзімі қазанның 15-іне дейін ұзартылып отыр. Қазанның 1-і күнгі мәлімет бойынша электронды түрде санақтан өткендер саны 6 миллионнан асты.

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ

АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ Алматыда 1500 жас әскер қатарына шақырылады



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Алматыда күзгі әскерге шақыру науқаны 1 қыркүйекте басталып, 31 желтоқсанға дейін жалғасады. Бүгін армияда кім қызмет ете алатыны, әскерге шақырылушылардың денсаулығы және оларды жаңадан қабылдаудың қағидалары туралы Алматы өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде қалалық Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің басшысы Амантай Өсербаев айтып берді.

Қазіргі күзгі шақыру дәл осындай қатаң санитарлық жағдайда өтеді. Әрбір медициналық комиссияның құрамына инфекционист дәрігер кіреді. Әскери бөлімдерге жіберер алдында жастар ПТР-тестілеуден өтеді.

«17 жастан 27 жасқа дейінгі кейінге қалдыруға немесе одан босатуға құқығы жоқ азаматтар мерзімді әскери қызметке шақырылады. ҚР Президентінің бұйрығы негізінде Алматы қаласы әкімінің қаулысымен қалада шақыру комиссиясы құрылды. Комиссия төрағасы болып Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Құсайынов тағайындалды. Сонымен қатар, шақыру комиссиясының құрамына құқық қорғау органдары мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енді», – деді А.Өсербаев.

Қорғаныс істері жөніндегі департамент басшысының айтуынша, қазіргі уақытта Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери бөлімдерін жасақтау аяқталуға жақын, кейіннен Ұлттық ұлан Қарулы күштері мен Мемлекеттік күзет қызметінің әскери бөлімдері жасақталатын болады.

А.Өсербаев бүгінде келісім-шарт бойынша қызмет еткісі келетіндер саны артып келе жатқанын атап өтті. Мысалы, биыл келісім-шарттық қызметке Алматыдан 500-ге жуық адам қабылданды. Бұдан басқа, Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің деректері бойынша Қазақстанда әскери қызметшілердің 70%-дан астамы келісімшарт бойынша қызмет етеді, кәсіби армия құрылды.



Әскерге шақырылушылардың денсаулығына қатысты Өсербаев көрсеткіштердің жақсарғанын айтты.

«Жалпы, әскерге шақырылушылардың денсаулығы қанағаттанарлық. Біз 17 жастан бастап балаларды әскери есепке аламыз. Егер қандай да бір аурулар анықталса, онда жастар емделуге жіберіледі. Сондықтан 18 жасында олар көбінесе жедел қызметке жарамды болады. Жаңа буындағы әскерге шақырылушылар арасында жас кездесетін аурулардың бірі – көру қабілеті нашар, сондықтан талаптар өзгеріп, төмендетілді, өйткені қазір 100 пайыз көру қабілеті бар әскерге шақырылушылар аз болды. Біз, сондай-ақ, үміткерлердің білім деңгейі мен психологиялық жағдайын ескереміз», – деді А.Өсербаев.

Брифинг барысында Қорғаныс істері жөніндегі департамент басшысы әскерге шақыруды кейінге қалдыру немесе босату туралы шешімді тек шақыру комиссиясы қабылдайтынын айтты.

2020 жылдан бастап әскерге шақыруды кейінге қалдыруға құқығы бар әскерге шақырылушылар санаттарының тізбесі кеңейтілгенін атап өткен жөн. Оған тек ауыл педагогтері ғана емес, сондай-ақ, қала мұғалімдері оқытушылық

қызметтің барлық кезеңіне және құқық қорғау органдарының білім беру мекемелерінде оқытылып жатқан адамдар кірді.

А.Өсербаевтың айтуынша, Алматыда әскерге барудан әдейі бас тартатындар жоқ. Кейде әскер қатарына шақырылатындар шақыру пункттеріне дер кезінде келмейді, мұндай жағдайда іске учаскелік инспекторлар араласады.

«Бізге әдейі бас тартатындар жоқ. Қазір жігіттердің барлығы интеллектуалды, әскерге шақырылушылардың орташа жасы 18–23 жас, олар өз міндеттерін орындап, қызмет ету керек екенін түсінеді. Жастар арасында әскерге барудан үрейленетіндер де кездеседі, психологтер олармен сөйлеседі. Әскерден жалтарған жағдайда 1 миллион теңгеге дейін айыппұл қарастырылған», – деді А.Өсербаев.

Әскери бөлімдерді жасақтау аумақтық та, аумақтан тыс та қағидат бойынша жүзеге асырылады, ол әскерге шақырылушыларды елдің бір өңірінен екінші өңіріне жөнелтуді көздейді.

Биыл күзде Алматыдан 1500-ден астам жасты мерзімді әскери қызметке шақыру жоспарланып отыр. Жалпы, бір жылда мегаполистен 2500-ге жуық адам шақырылады.

FACT VS FAKE

Жүзбе-жүз кездеседі

Танымал мессенджерлер арқылы әлдебір азаматтар «Халық санағын» аясында бейнебайланыс арқылы сауалнама жүргізіп жатқандығы жайлы аудиозажазба тарауда. Осыған байланысты Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі бұл аңызға қарсы ақиқат деректі ұсынып отыр.

Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі интервьюерлер респонденттермен тікелей, жүзбе-жүз кездесу арқылы, планшетті қолдана отырып, жауап алатындығын хабарлады. Қашықтан, яғни телефон, бейнебайланыс, мессенджерлер арқылы сауалнама жүргізу қарастырылмаған.

Бұған дейін «АҚШАМ-АҚПАРАТ» хабарлағандай, санақ сауалдарына жауап беру үшін бірнеше тәсіл қарастырылған. 1 қыркүйектен бастап елімізде онлайн санақ басталды. 15 қазанға дейін респонденттер санақ парақтарын sanaq.gov.kz арнайы сайты, E-Gov порталында тіркелу және Aitu мобильді қосымшасын пайдалану арқылы толтыра алады.

Қазанның 1-інен интервьюерлер азаматтарды толық қамту мақсатында үйлерді аралауды бастады. Бұл шара 30 қазанға дейін жалғасады. Үйлерді аралау кезеңінде интервьюерлер арнайы куәліктер мен Ұлттық санақтың логотипі бейнеленген көк түсті шарф пен сөмке болады.

Куәлікте аумақтық статистика департаменті басшысының қолымен және мөрмен расталған интервьюердің фотосуреті, толық аты жөні бар. Куәліктің жоғарғы бөлігінде тіркеу нөмірі көрсетіледі. Бұл нөмірді sanaq.gov.kz сайтында «Интервьюерді іздеу» жолағына енгізуге болады, содан кейін сайтта интервьюердің деректері көрсетіледі. Сондай-ақ, интервьюердің жеке басын 1446 нөміріне қоңырау шалу арқылы да тексеруге болады.

Санақшылардың қолында неліктен 2020 жылғы атрибутика жүр?

1 қазаннан бастап Халық санағының аясында интервьюерлер үйлерді қалппай аралауға көшкені белгілі. Негізгі мақсат – онлайн санақтан өтпеген қазақстандықтарды қамту. Қазіргі уақытта тұрғындардан неліктен санақшылардың қолданатын шарфы, сөмкесі мен құжаттарында 2020 жыл деп көрсетіліп тұрғаны туралы сауалдар келіп түсуде. Осы сауалдарға байланысты Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі түсінік берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» бұдан бұрын хабарлағандай, әлемді жайлаған пандемияға байланысты «Халық санағын» 2020 жылдан 2021 жылға шегеру туралы арнайы шешім қабылданған болатын. Негізінен, бұл маңызды шараға дайындық 2018 жылдан басталған. Оның аясында шараның әдістемесі әзірленіп, бекітілді. Қажетті электрондық жүйелер жетілдіріліп, санаққа қажетті құралдардың көлемі (оның ішінде атрибутика) анықталып, бөлінген бюджет негізінде сатып алу шаралары жүргізілген.

Қолданыстағы логотип бедерленген көк түсті шарфтар, куәліктер, жадынамалар 2020 жылы, санақты шегеру туралы шешім шығарылғанға дейін сатып алынды. Сондықтан да шара аясында үйлерді аралауға шығатын интервьюерлердің атрибутикасын қосымша шығын шығармай, қалдыру туралы шешім қабылданды.

Бұл үрдіс әлемдік тәжірибеде бар құбылыс. Мәселен, пандемияға байланысты шегерілген халықаралық шаралар 2021 жылы өткізілген кезде символикасында 2020 жылды қолданған болатын. Мәселен, биыл өткен Токио жазғы олимпиадасы «Tokyo-2020», футболдан Еуропа біріншілігі «Euro-2020» атауымен өткені белгілі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



QAZAQSTAN30

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Әсел БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
«Nur Otan» партиясының мүшесі:

— Тәуелсіздік алғанда мен екі жастан енді ғана асқан сәби едім. «Отаным» деп емін-еркін айтып өстім, патриоттық әндерді кеудем мақтаншыққа тола шырқап бой жеттім. Сол үшін аға буынға алғысым шексіз. Тәуелсіз елімнің арқасында мен сапалы білім алдым, шетелдік жоғары оқу орындарында оқи алдым. Ал қазір барлық жиған тәжірибем мен білімімді еліміздің өркендеуіне бағыттаймын. Тәуелсіздік көптеген жастарға өздерін түрлі салаларда көрсетуге мүмкіндік берді. Қазір қазақстандық талапты жастар, әртістер мен спортшылар туралы бүкіл әлем біледі. Жастарымыз «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында және өз еліміздегі ең жаңа инновациялық «Назарбаев Университетінде» білім алуға, IT жобалар мен компанияларда өз қызметтерін іске асыруда, ғылыми жаңалықтар ашуда, мәдениет, спорт және бизнесте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде. Өткен күндерді ризашылықпен еске ала отырып, Тәуелсіз Отандастарымды «Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен» шын жүректен құттықтағым келеді. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Шаттық ӨТЕБАЛИЕВА,
белсенді жас:

— Еңбекқорлық — теңдессіз қабілет, елжандылық — асыл қасиет. Бұл екеуін де берген — киелі Тәуелсіздік. Еркіндігіміздің арқасында еліміз еңсесін биік ұстап, дамыған елдердің қатарынан бой көтеруде. Азаттығымыздың арқасында ең алғашқы еңбек жолымды жастар тәжірибесімен бастаған едім. Алғашқы кадаммен қазіргі қызметтің арасы бір-бірінен алшақ болғанымен, қарапайым қадамдардың ірі бастамаларға баспалдақ бола алатындығына дәлел болып тұрғандай. Бастысы, жоғарыда айтылған қабілет пен қасиетті бойға сіңіруге құштар болуымыз керек. Әрине, осы орайда, ел жастарына мүмкіндік сыйлап, сындарлы, нәтижелі саясат жүргізе білген Елбасының еңбегін атап кетпеске болмайды. Тәуелсіздік жылдарынан бері мемлекетіміз үлкен реформалық өзгерістер жасап, қиындықтармен бетпе-бет келді. Дегенмен, лезде еңсесін түзеп, етік-жеңін жинай білді. Жастарын оқытты, оқығандарын жұмыспен қамтамасыз етті. Ауыл әл-ауқатын көтеру үшін «Дипломмен — ауылға» жобасын жасады, жастардың дамыған елдердің озық білім жүйесіне қолжетімділігі үшін «Болашақ» бағдарламасын ойлап тапты. Нәтижесінде әлем сахнасында өзіндік күш-қуатқа ие, экономикасы нарықта бой көрсете алатын, халқы бәсекеге қабілетті дамушы елге айналдық. Бұл мызғымас күйді әрі қарай да ұстап тұру үшін — мықты жастар, белсенді қоғам болуы керек. Бұл иммунитетті қалыптастыру үшін «ауызбіршілік» қағидасына сүйене отырып, мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан кез келген іс-әрекетті, бағдарламаларды тез қабылдап, бірден сіңіруіміз керек. Сонда ғана жақсы нәтижеге жетеміз деп ойлаймын.

Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың күні кешегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар — ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында елімізді экономикалық жағынан дамытудың маңызды бағыттарымен бірге, адам құқығын қорғау, құқықтық заңнамаларды жетілдіруге бағытталған жауапты міндеттерді де айқындап берді.

Жуырда «Алматы-1» станциясындағы Желілік полиция басқармасының жеке құрамы арасында аталған Жолдаудан туындайтын міндеттерді орындау барысында атқарылатын жұмыстарды талқылауға арналған жиын өтті. Онда басқарма бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары полиция полковнигі Дәулетбек Дәрібаев Жолдауда көрсетілген құқық қорғау жүйесіндегі елеулі өзгерістерге тоқталды.

— Соның ішінде биыл шілде айынан бастап «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» қолданысқа енгізілді. Бұрын қолданылып келген «Әкімшілік рәсімдер туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдар күшін жойып, жаңа заң талабы бойынша жоғарғы тұрған органға шағымды төменгі тұрған орган арқылы берудің жеңілдетілген тәртібі енгізілді. Яғни әкімшілік орган шағым түскен күннен бастап үш күн мерзім ішінде істі жоғарғы тұрған органға жолдамай-ақ әкімшілік рәсімге қатысушы үшін қолайлы акт қабылдауға құқылы. Мұндай өзгерістер «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес



өмірге енгізіліп жатыр, — деді полковник Д.Дәрібаев.

Теміржол аумағы аса қырағылықты қажет ететін, келімді-кетімді жолаушысы көп аймақ екенін ескерсек, желілік полиция саласының мамандары қылмыстың алдын алуда және орын алған қылмыстарды ашуда біліктілік танытуда. Мәселен, полковниктің сөзіне сүйенсек, жуырда аса ірі көлемде болған ұрлық дер кезінде ашылып, бұл қылмыстық іске қатысты төрт адам да тиісті жазасын алған. «Алматы-1» станциясына

қарасты Боралдай станциясында тұрған жүк вагонынан ұрлық жасағандардың арасында көмелеттік жасқа толмаған жасөспірім де болған. Соттың үкімімен ол бір жарым жыл бас бостандығынан шектеу жазасына кесілді. Осындай қылмыстың алдын алуда халықпен тығыз байланыста жұмыс істеудің маңызы зор.

Жолдауды талқылауға арналған жиында, сондай-ақ, теміржол арқылы тасымалданатын есірткі заттарына тосқауыл қоюдың тиімді жолдары мен әдістері жайлы да айтылды.

АЛҚАЛЫ ЖИЫН

«Туған жерге» меценаттар қажет

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров онлайн-форматта Дін істері басқармасының қалалық алқа отырысын өткізді.

Жиында 9 айдың қорытындысы бойынша дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері қаралды. Бүгінгі күні қалада 17 конфессияның 184 тіркелген діни бірлестігі жұмыс істейді. 115 ғибадат үйі қызмет көрсетеді. Оның ішінде 52 мешіт, 20 православ шіркеуі мен соборлар бар. Дін саласында осы жылы 16 жоба іске асырылып жатыр. Оған 10 үкіметтік емес ұйым тартылды. Конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету мақсатында Алматыда діни бірлестіктер көшбасшыларының клубы жұмыс істейді. Конфессиялар мен мемлекеттік органдар өкілдерінің арасындағы сенімді қарым-



қатынастарды дамытуға оң ықпал ететін түрлі мәдени, спорттық іс-шаралар мен жиналыстар өткізіледі.

Діни сауаттылықты арттыру, халықтың зайырлылық қағидаттарын және радикалды идеологияның зияндылығын түсіндіру үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жыл басынан бері 63 мың адамды қамтыған 507 іс-шара өткізілді. Бұл 2020 жылға қарағанда 80%-ға көп.

Діни ахуалды бағалау бойынша әлеуметтік зерттеу нәтижелеріне сәйкес, халықтың 89,1%-ы дін саласындағы мемлекеттік саясатты қолдайды. Алқа қорытындысы бойынша қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров конфессияаралық келісімді нығайту мәселелері бойынша рухани-түсіндіру жұмысын арттыруды, экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелерінде мемлекеттік органдардың барлық мүдделі ұйымдармен өзара іс-қимылын күшейтуді тапсырды.

Сонымен қатар, Дін істері басқармасы «Рухани жаңғыру» КММ және Алматы қаласы КМДБ филиалымен бірлесіп, азаматтардың туған өлкесін дамытуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге, оның ішінде әлеуметтік нысандар, мектептер, медициналық мекемелер салу жөніндегі жобаларды іске асыруға, сондай-ақ, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға көмек көрсетуге бағытталған «Туған жер» арнайы жобасына меценаттарды тарту бойынша бірлескен жұмыс жоспарланды.

«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ»

Жетісу көркейіп келеді

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазіргі таңда Жетісу ауданында «Бюджетке қатысу» бағдарламасы кеңінен орындалуда. Бағдарламаға аудан тұрғындары белсене қатысып, өз жобаларын ұсынып жатыр. Дәл қазір аудан көлеміндегі 18 жобаны жүзеге асыру үшін жергілікті бюджеттен 785 млн. теңге бөлінген.

«Бюджетке қатысу» жобасы аясында «Айнабұлақ», «Құлагер» ықшам-аудандарындағы 101 аулаға жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ, биыл «Айнабұлақ-3» ықшам-ауданында, Палладин көшесі, Сейфуллин мен Назарбаев даңғылының бойында, Омаров көшесі, «Құлагер» ықшам-ауданында 6 сквер салынды. Осы ауданға қарасты 6 зираттың аумағы ретке келтіріліп, жолдарына асфальт төселді. Сол маңдағы

апатты ағаштар кесіліп, оларға санитарлық емдеу жұмыстары жүргізілді. «Бюджетке қатысу» бағдарламасы аясында «Көкжиек» ықшам-ауданындағы «Жекпе-жек» спорт орталығы ашылды. Енді «Көкмайса» ықшам-ауданы аумағында жатқан Есентай өзенінің бойына құрылыс жұмыстары басталды.

Жөндеу жұмыстары жүріп жатқан жағалаудың жалпы ауданы 16 гектардан асады. Тиісті сала мамандарының айтуынша, құрылыс жұмысы 2022 жылдың ақпанында аяқталуға тиіс.

Сонымен қатар, осы жоба барысындағы көпқабатты үйлердің қасбеттерін жөндеу жұмыстары келесі жылы да жалғасады. Мысалы, «Құлагер» ықшам-ауданындағы көпқабатты 18 үйдің келбеті жөндеу жұмысынан кейін бірден өзгеріп, айшықтала түсті. Ал осындағы көпқабатты 3 үйдің қабырғаларына Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Жетісу ауданының 85 жылдығына арналған муралдар салынды. Бұл да үйлердің әдемі болып көрінуіне әсер етіп тұр.



Сонымен қатар, аудан тұрғындарының өтініштері бойынша жеке сектор саналатын Лобачевский, Самырсын, Галилей, Жидебай, Еламан, Рысқұлов, Шелихов, Борзов, Таймырский, Мочалов көшелеріндегі ауаларға ойын алаңдарын орнату жұмыстары жалғасуда.



Алматы агломерациясы: ЖОБА ІРІ, ЖОСПАР ҮЛКЕН



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Негізі, әр қаланың өзінің салынуының белгілі бір мақсаты бар. Тарихқа үнілсек, кейбір қалалар ұлы орталық болу үшін салынады. Кезінде ежелгі гректер қаласы жоқ ұлысты «жабайы» санаған. Гректер қала салуды өркениеттің өміршеңдігі мен қоғам дамуының қуатты қозғалтқышына балайды.

Ауылдан қалаға жөнкілген қазіргі заманда қаланың маңызы тіпті ерекше. Әсіресе, біздегі көп қаланың ішінде сәулетіне дәулеті сай, келбеті келісті, халқы жайдары әсем Алматының орны бір төбе. «Астана мәртебесінен айырылған соң сөзсіз құриды» деген сәуегейлердің болжамы да орындалмай қалды. Керісінше, жыл өткен сайын оңтүстік астанаға деген ілтипат ұлғая түсуде.

Елбасымыз айтқандай, Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі. Мұнда ел тағдыры үшін маңызды шешімдер қабылданды. Ата Заңымыздың, мемлекеттік рәміздеріміздің, ұлттық валютамыздың тұсауы осы шаһарда кесілді. Елорданы Арқаға көшіру Алматының дамуына тың серпін берді. Мықты саяси орталықтың және ірі мегаполистің болуы – көптеген дамыған мемлекеттерге тән.

Биыл Алматы қаласын дамыту жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке Алматы қаласы мен Алматы облысы әкімдерімен бірлесіп, агломерацияның

көліктік моделін жасауды тапсырды. «Алматы агломерациясын басқару жөніндегі кеңесті құратын кез келді. Оны былтыр қолға алу керек еді. Ол кезекті отырыс өткізу органына айналмауы тиіс. Оған жалпы агломерациялық мәселелерді шешу үшін барлық қажетті уәкілеттіктерді беру керек. Бұл мәселені орталық деңгейде шешу үшін бұған Премьер-Министрдің орынбасарын жауапты етіп бекіту қажет», – делі Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен бірге, Алматы қаласын дамытудың бас жоспарына сәйкес, қала маңын өркендету мен жаңа әлеуметтік құрылыстарды жүргізуден басқа, туризм индустриясын, өнеркәсіп аймақтарын, көлік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ, оңтүстік астананың айналасында жасыл аймақ белдеуі құрылуы тиіс.

Бас жоспарға 100 шақырымға созылатын үш аймақ – Қапшағай су қоймасының солтүстік жағалауы, Есік, Еңбекшіқазақ және Жамбыл ауданы енген. Оның ішінде сәл шағындау аймақ – Талғар, Қаскелең және Қапшағайдың солтүстік жағалауына дейін созылады. Одан кейінгісі Алматы шекарасынан 10-15 шақырымға дейін шектеледі. Ол – негізінен, Алматының Үлкен шеңбер жолы.

Жоба ірі, жоспар үлкен. Бүгін-ертең жүзеге аса қоймайды. Бас жоспар 2035 жылға, болжам бойынша 2040 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Сол кезде, яғни 2040 жылы тұрғындардың санын 4 миллионға (Алматыда – 2 млн. 800 мың, қала сыртындағы аймақта – 1 млн. 300 адам) жетеді делінген.

Мұнда электр қуаты, су жеткізу мен тұты-

ну, жылумен қамтамасыз ету мәселелері түгелдей қамтылған. Көлік жүйесі де қалыс қалмаған, сондай-ақ, туризм жағына да өзгерістер енген. Алматы қаласы әкімдігінің хабарлауынша, бас жоспарды жүзеге асыру үшін шамамен 8 трлн. теңге қажет болады.

Даму тұжырымдамасына сәйкес, Алматының экологиялық ахуалын жақсарту, экологиялық жағынан қолайсыз өндірістерді қайта бейіндеу, қала шетіндегі өнеркәсіп өндірістерін азайту, кәсіпорын атаулыны қала сыртына шығару, абаттандыру, көгалдандыру, суландыру қолға алынады.

Қала мен оның айналасын дамытудың басты шарты – халықаралық маңызы бар көлік жүйесімен қамтамасыз ету. Осыған орай, Алматының солтүстік-батысына қарай айналмалы теміржол салынады. Өнеркәсіп аймақтары қала шетіне көшіріліп, алыс шетелдегі әуе компанияларына қызмет ету мақсатында халықаралық әуежай құрылысы қала сыртындағы аймақтан әріде жүргізіледі.

Сонымен бірге, экологиялық таза әрі жүрдек қоғамдық көлікті дамыту да қарастырылған. Алматы үшін заманауи көлік технологиялары енгізіліп, метро – 16,3 шақырым, жеңіл рельсеті көлік қала ішінде және қала сыртында 65 шақырымды құрайтын болады.

Сөйтіп, біздің Алматы бас-аяғы 20-30 жылдың ішінде адам танымастай өзгеретін сыңайлы. Әлбетте, кейбіреулер бас жоспардың мүлтіксіз орындалуына қатысты күдігін де білдіре жатар. Бірақ өз басымыз келген жанды бірден баурайтын қасиеті бар Алматының осылайша өсіп-өркендейтініне сенгіміз келеді.



Ескі үйдің орнына – жаңа баспана



Рая
ЕСКЕНДІР

Жетісу ауданы өзінің 85 жылдық мерейтойын жағымды жаңалықтармен бастады. Қазіргі таңда ауданда тұрғын үйді жанарту бағдарламасы жүзеге асырылып, абаттандыру мен түрлі әлеуметтік нысандарды салу жұмыстары қызу қарқынмен жүріп жатыр.

Ауданға қарасты «Жұмысшылар поселкесінде» осыдан бірнеше жыл бұрын бой көтерген көпқабатты үйлердің қазір әбден тозығы жеткен. Ескі үйлердің сырты келбетін қанша әрлегенмен, олардың жылу жүйелері мен көріз жүйесі әбден шіріп, тесілуге айналған. Сондықтан мұндай ескі үйлерді жөндеуден өткізіп, мол қаражат шығындағанша, сүріп тастап, орнына жаңа үй тұрғызған көп ұтымды. Жан-жақты зерттеулерден кейін қалалық әкімшіліктің ұйғарымымен осы ықшамауданда қарқынды құрылыс қолға алынған еді. Дәл қазір Райымбек даңғылы – Крылов – Казаков – Боткин – Гончаров – Скрябин көшелерінің қиылысында ескі үйлерді реновациялау бағдарламасына сай жаңадан үйлер салынып жатыр.

Мұндай бағдарлама ауданда алғаш рет қолға алынып отырған жоқ. Былтыр да әбден тозығы жеткен 6 ескі үй сүріліп тасталған еді. Қазір осы жерде жалпы алаңы 16 мың шаршы метр болатын 304 пәтерлі 4 үйдің құрылысы жүріп жатыр. Сонымен қатар, ескі үйлерді сүру жұмысы биыл да жалғасып, тозығы жеткен екі үйдің орнына 12,5 мың шаршы метр болатын 183 пәтерлі үш үйдің құрылысы басталды. Осындай әдіспен аудандағы ескі үйде тұрып келген тұрғындар жаңа баспанаға көшеді.

СИЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Медет АБДУЛЛАҰЛЫ, қала тұрғыны:

ҚАЛА КЕҢЕЙЕ БЕРУІ КЕРЕК

Қала территориясын кеңейтіп отыру үрдісін әлемдегі ірі мегаполистердің кез келгенінің тарихынан кездестіруге болады. Жалпы, қалаға шоғырлануды, урбанизациялық құбылысты мемлекеттің дамуындағы негізгі қозғаушы күш ретінде бағалайтындар бар. Осыдан төрт ғасырдай бұрын Бағыс елдері «ірі қаланы одан ары кеңейтіп, биіктетіп, өсіре беру керек пе, әлде жеке-дара шағын қалаларды көбейтіп, әрбірін бөлек орталық ретінде ұстау қажет пе?» деген сауалда пікірталас жүргізген екен. Әр елдің, әр халықтың өз ерекшелігіне, географиялық жағдайына байланысты өзіндік даму жолдары болады. Сол сияқты, жер көлемі бойынша әлемдік алыптардың қатарындағы Қазақстанның да өзіндік ерекшеліктерін айта кету керек. Жалпы, сейсмология ғылымы жерден таршылық көріп отырмаған елдердің зәулім үйлерге құмар болмағанын жөн көреді. Ендеше, Қазақстанның табиғаты биіктіктен гөрі кендікке қарай дамуға сай келеді.

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Танымал сәулетші Токтар Ералиев «қала орталығында жұмыс істейтін сәулетшілер оның тарихы мен өзіне дейін қандай жұмыс атқарылғанын білгені жөн» деген пікірде.

– Алматыда, әсіресе, орталықта жобалайтын сәулетшілер, бұдан бұрын не істелгенін назарда ұстауы керек. Егер біз тарихи деректерге назар аудармасақ, қателік жіберуіміз мүмкін. Алматының жайылығы бәріне, әсіресе, шетелдіктерге ұнайды. Біз америкалық сәулетшілермен жұмыс істегенбіз, олар Алматының жайлы, үлкен қала екенін айтып, «Кішкентай Париж» деп атаған. Сондықтан Алматыны осындай қалпында сақтап қалуымыз керек, – дейді Т.Ералиев.

Ол – Қазақстанның еңбек сіңірген сәулетшісі, академик, «Kazgor» жобалау академиясының бірінші вице-президенті әрі бас сәулетшісі. Есімі «Алтын құрмет» кітабына енгізілген. 1970 жылы Политехникалық институттың архитектура факультетін тәмамдағаннан кейін «Kazgor» жобалау академиясына жолдама алып, содан бері 51 жыл осы ұйымда қызмет етіп келеді. Алғаш іске асырған жобасы – Алматыдағы Офицерлер үйі.

– Бұл есте қалған себебі, біз команда бо-

Тұралы НҮРЛАНҰЛЫ, мұғалім:

ШЕТКІ АЙМАҚТАР ДҰРЫС ИГЕРІЛУГЕ ТИІС

Қала аумағының кеңейіп отыруын табиғи құбылыс деп қабылдасақ болады. Дегенмен, ол өте үлкен ұқыптылықты қажет етеді. Мен Алматының даму тарихын сонау кеңестік кезден бақылап жүрмін. Қай жылдары қанша территория қосылып отырғанын нақты цифрларымен білемін. Бір қиыны, қалаға жер қосылған сайын қаланың проблемасы да көбейе береді. Мысалы, қала территориясына осыдан он жыл бұрын қосылған қазіргі «Қалқаман» ықшамауданы әлі күнге дейін ауызсуға ие бола алмай отыр. Осындай келенсіздіктер туындап отырады. Сондықтан қала басшылығы қарамағындағы жердің кеңейе бергеніне қарап отырмай, оны дұрыс игеру жолдарын да қарастыруға тиіс.

«Кішкентай Париж»

Мегаполистің тарихи келбетін сақтап қалу сәулетші шеберлігіне байланысты



лып эскизін, макетін жасап, облыстық комитетте осы жобаның жетекшісі Асқаровқа көрсеттік. Ол мақұлдағаннан кейін эскиз, макетті толықтырып, Қонаевтың өзіне көрсеттік. Содан кейін жобалау басталды. Құ-

рылысы қарқынды жүргізілді. Бұл ғимарат 3 жылда салынып бітті, – деп еске алады сәулетші.

Бас сәулетші лауазымында Саяси ағарту үйі кешпенімен айналысқан. Кейін Мәскеуден

атақты «Алатау» шипажайын жобалау туралы тапсырма келіп түседі. Токтар Ералиев бұл нысанның жобасын әріптесі, марқұм Юрий Ратушныймен бірге 3 күнде жасап бітіреді.

– 1983 жылы біз толық жобалауды бастадық. 1986 жылы, яғни 3 жылда нысан салынып бітті. Жобалау мен құрылыс қатар жүрді. Біз сызбасын құрылыс барысында салып беріп отырдық. Жалпы, «Алатау» шипажайының аумағы керемет, 50 гектар жерде саябақ, орман, бақ бар. Сондықтан бұл жақсы нысан болып шықты, – дейді Токтар Ералиев.

Бүкіл өмірін осы салаға арнаған сәулетшінің қазіргі жобаларынан қаладағы «Нұрлытау» кешенін, Стратегиялық зерттеулер институтын, Ақпараттық технологиялар паркін атап өтуге болады. Былтыр 7 мектептің жобасын жасап, қазір онда құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Абылай хан, Әлия мен Мәңгіт, Пушкин, Жамбыл Жабаев ескерткіштері – өз алдына бір төбе. «Алматыны тарихи келбетін сақтай отырып дамыту қазіргі сәулетшілердің шеберлігіне байланысты», – дейді ол.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК – ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕ

Табло неге жұмыс істемей тұр?

Байқасаңыздар, Алматының бірқатар көшелерінде «электронды тақта» – «ақылды табло» орнатылған. Онда, негізінен, көлік кептелісі мен автомобиль ағымының жылдамдығы көрсетіледі. Табло сонымен қатар, қандай көлік келе жатқаны, қай жерде жаяу жүргіншілер жолы мен автотұрақтар бар екенін алдын ала ескертіп тұратынымен де құнды. Бірақ неге екені белгісіз, кейінгі кездері Тимирязев көшесіндегі аялдамалардағы табло жұмыс істемей тұр. *«Бұл таблоньң бізге көмегі көп. Электронды тақта арқылы келе жатқан көліктің нөмірін көру өте ыңғайлы. Менің ойымша, таблоньң қызметі салық төлеушілердің қаражатынан жұмсалады. Бұған кім жауапты?»*, – деп сұрайды алматылық жолаушылар.

Қалалық мобильділік басқармасы:

«Бұл табло тестілік режимде жеке инвестор есебінен қойылған. Оларды орнатуға және қызмет көрсетуге бюджеттен ақша бөлінген жоқ. Таблода техникалық проблемалар туындап отыр. Оларды шешу қала балансына қабылданғаннан кейін қаралатын болады».



№113 автобус бұрынғы кестемен жүрсе...

Алматыда қоғамдық көлік бағыттарының өзгеріп тұруы үйреншікті жағдай. Дейтұрғанмен, кейбір автобустардың маршруты өзгерген тұста жолаушылар кәдімгідей қиналып қалады. Мәселен, №113 автобус – Төле би көшесінен Байзақов көшесіне, одан Шевченко көшесінен – Жароков көшесіне дейінгі бағытта жүретін жалғыз автобус болатын. Аталмыш қоғамдық көлікпен «Орбита» ықшамауданына, «Көк базарға», «Мега-паркке» бару жолаушылар үшін ыңғайлы болатын. «Автобус бағытын өзгерткелі бері баратын жеріміз алыстап, жолымыз ұзарып кеткендей... Біз «Almaty Electrotrans» ЖШС-не №113 автобусының бұрынғы бағыты бойынша жүруіне рұқсат етуін өтінеміз», – дейді жолаушылар.

«Almaty Electrotrans» ЖШС:

«Almaty Electrotrans» ЖШС қаладағы барлық тасымалдаушылар сияқты орындаушы болып табылады. Сондықтан компанияның қозғалыс кестесін өзгертуге, желідегі автобустардың санын анықтауға, сондай-ақ, маршрут схемасын өзгертуге құқығы жоқ. Яғни белгіленген кестелер мен диаграммалар негізінде әрекет етеді. Жолаушылар өзгеріс мәселесі бойынша Алматы қаласының Қалалық мобильділік басқармасына жүгіну қажет».

Алматының жол инфрақұрылымын дамыту саласында жаңашылдық көп. Қала көшелері қайта жөнделіп, кейбір аймақтарда жаңадан жолдар салынып жатыр. Шаһар көшелері заманауи үлгідегі аялдамалармен толықты. Аялдамалар күн суықта, жаңбырлы күндері жолаушыларға қалқа болғанымен, оның аумағы автобус тоқтар сәтте қолайсыздық тудырады. Байқасаңыз, қазіргі аялдамаларға үш автобустан артық көлік сыймайды. Ал бізде бір мезетте аялдамаға бірнеше автобус келіп тоқтайтын жәйттар көп кездеседі. Сондай сәттерде адамдар өзіне қажетті көлікті іздеймін деп бірін-бірі қағып-соғып, ары-бері сапырылысып кетеді. Кейде тіпті, сол ялдама аумағының тарлығынан жолаушылар жол жиегіндегі бордюрлерге шалынып, арықтарға құлап, мертігіп жатады. Осы орайда қала тұрғындары жауапты сала мамандарынан аялдама үшін аумақты бөлу нормаларын қайта қарауды өтініп отыр.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қала тұрғындары не дейді?

Нұрсұлтан: – №118-ші автобус Орталық демалыс және мәдени саябағынан – Нұрлы/Абай бағытында жүреді. Бірақ жұмыстан кейін, аталмыш көлікке кіру, отыру мүмкін емес. Осы бағыттағы автобустардың санын неге көбейтпеске? Жолаушылардың да адам екендігін естен шығармаңыздар екен!

Ерболат: – Алматы «қызыл аймақта» тұр дейсіздер. Сонда қауіпті індетпен автобуста қосылатын аудио таспа арқылы күресеміз бе? «Алматы – бізбен бірге, бірге күресеміз» дегендеріңіз қайда? Егер шынымен вирустан құтылғымыз келсе, қоғамдық көліктер де барлық санитарлық талапқа сай болсын! Көлік іші лас, орындықтары кірлеп кеткен. Жолаушылар өз өмірлерін қауіпке тігіп жол жүруде. Сол себепті, көлік ішіндегі тазалық мәселесіне көңіл бөлсеңіздер.

Светлана Босая: – Назарбаев даңғылы мен Райымбек даңғылында, бұрынғы «Рахат» дүкенінің жанында аялдамаға бағдаршамнан бір уақытта кем дегенде 5–6 автобус келіп тоқтайды. Сіз білесіз бе, сол сәттерде не болатынын? Қарапайым халық маршруттың нөмірін көру үшін жол бойымен жүгіруге мәжбүр. Ал жаңағы соңынан келіп тоқтайтын автобустар орын жоқ болғандықтан, бірден бұрылып кетеді. Аялдамаға ешкім тоқтамайды. Оның үстіне дәл осы жерде метроның соңғы аялдмасы бар. Автобуска жүгіріп барып мінейін десең, жол жиегінде көлемі үлкен әрі терең арық жүргізілген. Ол арықтардан секіріп өту мүмкін емес. Неліктен бізде жағдайдың барлығы адамдар үшін жасалмаған!



Нариман Сүлейменов: – Бұл ауқымы үлкен, айтары көп тақырып. Сондықтан қоғамдық көлік инфрақұрылымын дамыту барысында дәл осы аялдама кешендеріне қатысты бөлігіне баса назар аудару қажет.

Маржан Шөкетаева: – Бұл мәселе бүкіл қала бойынша бар. Абай даңғылында да дәл осындай жағдай.

Гүлім Бағдатқызы: – Аялдама аумағы үлкен болса да бұл мәселе үйреншікті жағдайға айналған. Көлік жүргізушілер өзінен басқаларды ойламайды. Артынан келе жатқан автобусты көріп тұрса да алға жылжуды, өзгеге жол беруді қаламайды. Соған қарағанда, жүргізушілер арасында қандай да бір көреалмаушылық, яки бақталастық бар ма деймін. Әсіресе, Төле би – Байтұр-



сынұлы көшелерінің маңындағы аялдамаларда осы жағдай жиі орын алады. Тіпті, сені қағып кете жаздайды.

Жұлдыз МҰХТАР: – Қоғамдық көлік жүргізушілері мінген көлігін өзінің жеке меншігі секілді пайдаланады ғой, шіркін! Қаласа тоқтайды, қаламаса тоқтамай өте шығады. Басым көпшілігі мәдениеттен жүрдай, қалай болса солай сөйлеп, кейде, бейәдеп сөздер айтады. Алматының мәдениет пен руханияттың қаласы екенін ұмытып кетеді-ау, шамасы!

Зәуреш КҮРТІБАЙ: – Мен Алматыда жұмыс істеймін, бірақ қала сыртындағы ауылдардың бірінде тұрамын. Қаражатымды үнемдеу үшін Құлжа тас жолының бойымен жүретін №203 автобуска жиі отырамын. Бірақ автобус өте нашар жүреді. Кейде сағаттап күтесің, жиі бұзылады, тоқтамай өте шығады. Осындай кедергілердің салдарынан автобустың ішіне адам лық толып, үйімізге шаршап, шалдығып әрең жетеміз.

Алматы қалалық мобильділік басқармасының мамандары шаһар тұрғындарының талап-тілектері мен өтінішін қайта қарауға уәде берді.

Бетті дайындаған
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



КВИ АХУАЛ

Екі мегаполис «қызылда»

Қазақстан өңірлеріндегі осы жылғы 6 қазандағы эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша жағдай:

- «ҚЫЗЫЛ аймақта» – Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары.
- «САРЫ аймақта» – Шымкент

каласы, Атырау, Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары тұр.

- «ЖАСЫЛ аймақта» – Түркістан, Жамбыл, Маңғыстау, Қызылорда облыстары.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

«Дельта» қайта күшіне мінді



МАЛАЙЗИЯ мемлекетінде ересектердің шамамен 87%-ы коронавирускқа қарсы вакцина салдырған. Қыркүйектен бастап ковидке қарсы екпе жеткіншектерге де егіле бастаған. Ал мемлекеттік қызметшілер жуырда екпе салдыруға міндеттелген. Осылайша қазанда ел билігі шектеу шараларының біразын мүлдем алып тастамақ. Ересектерді вакциналау көрсеткіші 90%-ға жеткенде халықаралық әуе қатынасын қайта жандандырмақ.

АРГЕНТИНА елі 3 жастағы балаларға вакцина салуды бастады. 3–11 жас аралығындағы балаларға қытайлық «Синофарм» препараты салынып жатыр. Осылайша ел билігі бүлдіршіндердің бәрін ковидтен қорғауға ниетті. Елде вакцина қоры жеткілікті көрінеді.

ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯ жерінде «дельта» қайтадан өрши бастады. Бұған дейін науқастардың көбеюіне байланысты тамыздың ортасында елдің ең ірі қаласы оқшауландырылған болатын. Бүгінге дейін бұл шаһарда 1300-ден астам вирус жұқтыру дерегі анықталды. Жалпы, «дельта» соңғы аптаның ішінде 192 елге тараған. Бұл туралы ДДСҰ хабарлады.

ДДСҰ «Спутник V» вакцинасын мойындайтын болды. «Ресей Федерациясының ресейлік «Спутник V» вакцинасын тіркеу және одан әрі дамыту туралы ұстанымы тыңдалды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бойынша «Спутник V» вакцинасын тіркеумен айналысатын компания бірқатар құжаттарға қол қойып, бірқатар қосымша құжаттарды ұсынғанын ғана күтіп отырмыз», – деді Ресей Денсаулық сақтау ұйымында ресейлік «Спутник V» вакцинасын тіркеуде болған барлық кедергінің жойылғанын мәлімдеді.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

МОБИЛЬДІК ТОП

Тәулік бойы сапта



«COVID-19»-ға қарсы күресте өздерінің ұйымшылдығымен және белсенді іс-қимылдарымен көріне білген Алатау ауданына қарасты №29 қалалық емханада науқастарға үй жағдайында медициналық қызмет көрсететін 11 мобильдік топ құрылған болатын. Топқа біріктірілген маман-дәрігерлер мен мейірбикелер ковид жұқтырып, пневмонияға шалдығып, үй карантиніне жатқызылған науқастарға

дер кезінде көмек қолын созып, олардың сырқатынан айығып, тезірек қатарға қосылуына үлестерін қосуда. Тәулігіне 300-ден астам науқасқа көмек қолын созып отырған мобильдік топтың жұмысы тәулік бойы жалғасуда.

– Мобильдік топ әр науқасты өз бақылауында ұстап, оларға мобильдік қосымша арқылы ақыл-кеңес береді. Біздің ең басты міндетіміз – ауруды асқындырмай, дер уақытында алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіп, белгіленген хаттама негізінде тиісті ем-шараларды дұрыс тазайындау арқылы науқастың сауығып кетуіне көмек қолын созу. Қауіп-қатермен бетпе-бет келіп, өзгенің өмірі үшін өз өмірін құрбан етіп жүрген дәрігерлер мен мейірбикелерімізге айтар алғысымыз шексіз, – дейді емхана жанынан құрылған мобильдік топтың жетекшісі Әйгерім Әлшенқызы мен дәрігер Айнұр Аманжолқызы.

Әзірлеген Нұржамал ТЕГІНБАЙҚЫЗЫ.

БРИФИНГ

СЫРҚАТТАНУШЫЛАР САНЫ АЗАЙДЫ

Қазақстанда соңғы айда КВИ ауруының күнделікті деңгейі 2,4 есеге төмендеді



Айнұр
СЕНБАЕВА



Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой ОКҚ алаңында өткен брифинг барысында қыркүйек айының бас кезімен салыстырғанда коронавирустық инфекциямен

сырқаттанушылықтың күнделікті деңгейі 2,4 есеге төмендегенін айтты. Министрдің айтуынша, инфекциялық бөлімдердегі төсектердің толымдылығы 39-дан 33%-ға дейін, реанимациялық төсек-орындарды қамту 40-тан 31%-ға дейін төмендеді.

Министр келтірген мәліметтерге сәйкес, соңғы айда ауыр және өте ауыр науқастар санының 2 есеге төмендегені байқалады. Оқушылар арасындағы сырқаттанушылықтың күнделікті мониторингінің нәтижесі бойынша, жалпы 9185 КВИ жағдайы тіркелген, бұл оқушылардың жалпы санының 0,26%-ын құрайды. Студенттер арасында аурудың 1282 жағдайы тіркелген.

«Жоғары оқу орындарының студенттері арасында сырқаттанушылықтың төмен деңгейі вакцинацияның тиімділігін

тағы да айқын көрсетеді», – деп атап өтті А.Цой.

Халықты КВИ-ға қарсы вакцинациялау туралы айта отырып, А.Цой бүгінгі күні жалпы вакцинаның 14,4 млн. дозасы пайдаланылғанын, оның ішінде бірінші компонентпен 7 766 146 адам егілгенін, бұл тиісті халықтың 77,9%-ын құрайды, екінші компонентпен 6 756 266 адам немесе 67,8% қамтылғанын хабарлады. Коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялауды қамту бойынша көшбасшылар: Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстары, Алматы және Шымкент қалалары болып табылады.

Тұмау және ЖРВИ бойынша эпидемиологиялық маусымның басталуына байланысты денсаулық сақтау министрлігі сырқаттанушылыққа, халықты вакцинациялауға мониторинг жүргізуде.

ТЕСТ

ПТР-тест – әлемдік «алтын стандарт»



ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой коронавирусты анықтауда ПТР-тестке неге басымдық берілетінін түсіндірді.

«Қазақстанда коронавирусты анықтауға арналған экспресс-тестердің бірнеше түрі тіркелген.

Кейбір коммерциялық компаниялар осы тестерді пайдаланып жүр. Бұл жерде мәселе мынада. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ауру жұқтырғандардың ресми статистикасын жүргізу үшін бірыңғай тәсіл ретінде ПТР-тесті қолданады. Сондықтан әлемде қолданылатын «алтын стандарт» ПТР-тест болып тұр», – деді ведомство басшысы. Бұл ПТР-ге балама антигендер, ИФА-тестер Қазақстанда да тіркелген.

«Қазір кейбір ПТР-тест жүргізу қиын жерлерде осындай экспресс-тестерді елдің ішінде де қолдану мәселесі пысықталып жатыр. Ол тестерді өндірушілер сапасы мен тиімділігі 90 пайыздан кем емес

деп көрсетеді. Бірақ қалай болғанда да коронавирус инфекциясының актық диагнозы ПТР-тест қорытындысынан кейін ғана мойындалады», – деді министр.

Министр экспресс-тесті әркім өз бетімен пайдалана алмайтыны туралы да ескертті. А.Цойдың айтуынша, тестерді алудың белгілі бір процедурасы бар.

«Кейбірі қан тамшысын қолданса, кейбірі мұрын шырышын алады. Мамандар ғана істеуі тиіс арнайы әдістер бар. Бұл тест қорытындысының сапасы бүлінбеу үшін керек», – деді Денсаулық сақтау министрі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

РЕЙД

Тәртіп бұзатындар азаймай тұр



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматыда түн ортасына дейін «Ashyq» қосымшасынсыз жасырын жұмыс істеген кәсіпкерлік нысаны анықталды.

Медеу ауданының мониторингтік тобы әдеттегідей тексеріске шығып, Сәтбаев көшесінің бойында орналасқан түнгі бардың үстінен түсті. Мекеме сағат тілі түнгі сағат 00.00-ден асса да жұмысын тоқтатпай, келушілерді шамадан тыс артық қабылдаған. Тіпті, мұнда корпор да шегіліпті. «Құрметті кәсіпкерлер, карантин талаптарын бұзбай, санитарлық нормаларды сақтап жұмыс істеңіздер. Қауіпті індеттің беті әлі де қайта қойған жоқ. Адамдардың денсаулығымен ойнамай, жауапкершілікпен қарайық», – деді Медеу аудандық «Nur Otan» партиясының өкілі Нұржан Ердембеков.

Тексеруші топ өкілдері көп ұзамай Төле би көшесінің бойында орналасқан дәмхананың да жұмысын әшкереледі. Кәсіпкерлік нысан осы уақытқа дейін «Ashyq»-қа қосылмай, түн ортасына дейін жасырын жұмыс істеп келген. Бас санитардың қаулысына сәйкес, мобильді қосымшасы жоқ



мекемелер кешкі 21.00-ге дейін ғана адам қабылдай алады. Кейін мамандар анықталған фактілер бойынша кафе иесі мен келушілерге хаттама толтырды.

«Медеу ауданында 4 мониторингтік топ жұмыс істейді. Олар күні-түні тексеріс жүргізіп, барлық мекемені бақылауда ұстап отыр. Әсіресе, беттерде режимі, арақашықтық, мерекелік жиындар мен санитарлық талаптардың сақталуы қатаң тексеріледі», – деді Медеу аудандық кәсіпкерлікті

және өнеркәсіпті дамыту бөлімінің бас маманы Арман Сапаров.

Медеу аудандық мониторингтеу топтары соңғы аптада 300-ден астам мекемеде тексеріс жүргізіп, 13 заңды тұлғаға хаттама толтырған. Кәсіби мамандар карантин талаптарын қанша жерден жеңілдесе де, тәртіп бұзатын мекемелер саны азаймай тұрғанын алға тартады. Жұқпалы індеттің әлі күнге жойыла қоймағанын есімізде сақтап, өз денсаулығымыздың қорғаны болайық.

ФОРУМ



Адам құқығы азаматтық форумда жан-жақты сөз болды

Динара МҰРАТ

Алматыда Еуропалық Одақ форумы өтті. Биылғы азаматтық форум әлемді жайлаған пандемияға қатысты «Ілгері жылжу: COVID-19-дан соң жағдайды қалпына келтіру» ұранымен өткізілді.

Форумға адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Одақтың арнаулы өкілі Имон Гилмор мен Орталық Азия бойынша өкілі Тери Хакала, ҚР Президентінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнаулы өкілі Ержан Қазыхан, Қазақстан Парламентінің депутаттары, сонымен бірге, Орталық Азия өңірінен келген үкіметтік емес ұйым өкілдері мен сарапшылар қатысты.

«Бұл – өте маңызды шара. Күн тәртібінде бүгінгі күннің өзекті мәселелері қаралады. Еуропалық Одаққа ерекше ризашылығымызды білдіреміз. Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастық деңгейі артып келеді. Оның ішінде жандандық және аумақтық мәселелер талқыланып, көп және екіжақты жұмыс жалғасуда», – деді форумды ашқан ҚР Президентінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнаулы өкілі Ержан Қазыхан.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Одақтың арнаулы өкілі Имон Гилмордың айтуынша, барлық мемлекеттер жалпыға бірдей адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу қағидасын ұстануға тиіс.

«Бүгінгі форумға Орталық Азия елдерінің өкілдері арнайы келді. Біз мұнда азаматтық қоғамды дамытудың негізгі мәселелерін талқылаймыз. Адам құқықтары тек өзіне тиесілі. Ол қай ортада, қай елде тұрмасын емін-еркін өмір сүруге құқылы. Оның ұлтына, жынысына, дініне, діліне ешкім тіл тиіспейді керек. Біз барлық мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарға осыны талап айтып келеміз. Бұл азаматтық қоғамда кеңінен көрініс табуы қажет. Сондай-ақ, қоғамдық ортадан шыққан ұсыныс, пікірлер мен жаңашылдыққа қолдау көрсетеміз. Адам құқығы – ең бағалы құндылық. Форумның көздегіні осы», – дейді Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Одақтың арнаулы өкілі Имон Гилмор.

Бұған дейін Мемлекет басшысы Еуропалық одақ делегациясын қабылдаған болатын. Кездесу барысында Қазақстан мен Еуропалық одақ арасындағы кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық аясындағы өзара іс-қимылдардың қазіргі жағдайы мен перспективалары талқыланып, аймақтық қауіпсіздік мәселелері қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропалық одақ делегациясына еліміздегі саяси және экономикалық реформалар, сондай-ақ, Ауғанстанға гуманитарлық көмек көрсету жөнінде қабылданған шаралар туралы айтты.

Имон Гилмор Қазақстан мен Еуропалық одақ арасындағы саяси және сауда-экономикалық ынтымақтастықтың деңгейін жоғары бағалап, серіктестікті одан әрі нығайту мақсатында байланыстарды жалғастырудың маңызды екенін атап өтті.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық одақтың арнаулы өкілінің айтуынша, Қазақстан Президентінің Брюссельге алдағы сапары екіжақты байланыстарды дамытуда маңызды кезең болады.

Еуропалық одақ делегациясы БҰҰ-ның Ауғанстанға жәрдем беру жөніндегі Миссиясының офисін Алматыға орналастыру және ауған студенттеріне көмек көрсету туралы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімін ерекше атап өтіп, Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға қатысты Қазақстан Президентінің аймақтағы көшбасшылығын қолдады.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Алматы қаласының экономикасын дамытудың негізгі қозғаушы күші – шағын және орта бизнес көздері. Шаһарда экономиканың 46,6%-ын қамтамасыз ететін шамамен 196 мың шағын және орта бизнес субъектісі (өсімі – 0,6%) жұмыс істейді. Жұмыспен қамтылғандардың 62,5%-ы (барлық жұмыспен қамтылғандар – 981,4 мың адам) шағын және орта бизнес кәсіпорындарында еңбек етеді, 29 мыңнан астам жұмыс орны құрылған.

Бизнестің іскерлік белсенділігін сақтау мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларды белсенді түрде іске асыру арқылы шешіледі. Шағын және орта бизнесті қолдау үшін «Бизнестің жол картасы–2025», «Қарапайым заттар экономикасы», «Еңбек», «АӨК», «Алматы Бизнес–2025» секілді бағдарламалар іске асырылуда.

Жыл басынан бері 190 млрд. теңгеден астам несие сомасындағы 1,5 мыңнан аса жоба мақұлданып, 3 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылған. 2021 жылға арналған несие бағдарламасының бюджеті 46,1 млрд. теңгені құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 45%-ға көп.

Алматы қаласында кәсіпкерлердің «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасына деген белсенді түрдегі қызығушылығы байқалады. Атап айтқанда, 2020 жылы бағдарлама шеңберінде «High Tech Academy» мектебінің құрылысын салу үшін 10 млрд. теңге сомасында несие берілді. Бұл жобалық әдіс негізінде бірегей оқыту бағдарламасымен құрылған жеке инновациялық мектеп, ол оқушыларды қиындықтарды, сондай-ақ, бүгінгі күрделі әлемнің белгісіздігін танып-білуге және жауап беруге дайындайды. Мектеп



600 оқушы орнына есептелген. 80 мұғалім еңбек етеді. Фин сәулетшілерімен әзірленген мектеп жобасы оқу корпусы мен «Budokan Almaty» спорт және өнер орталығын қамтиды. Онда жекпе-жек клубы, теннис корты, волейболға, баскетболға, футболға, күреске, биге, хореографияға және т.б. арналған залдар бар. Бұдан басқа, мектепте «Art» орталығы, керамика ательесі, кәсіби жабдықтарымен кино және дыбыс жазу студиясы, балалар спектакльдерінің қойылымына арналған театр жұмыс істейді.

2021 жылы «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының бюджеті Алматы қаласы үшін 7,1 млрд. теңгені құрады, 15 жоба қаржыландырылды.

Үкіметтің бағдарлама шарттарын жақсарту бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізіп жатқанын атап өту керек. Бизнес-

қоғамдастықтың ұсынысын ескере отырып, ағымдағы жылы мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларға қаржыландыру сомасын арттыру, салалық шектеулерді алып тастау, пайыздық мөлшерлемелерді біріздендіру және төмендету, кіші және шағын кәсіпкерлікті несиелеу үшін жаңа бағыттар енгізу және кепілдіксіз несиелеу секілді бірқатар өзгерістер енгізілді.

Жеңілдетілген несиелермен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бағдарламалардан басқа, Алматыда «Almaty Business–2025» өңірлік бағдарламасы жұмыс істейді. Ол бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасауға, қаржыландырудың қолжетімділігін арттыруға, әкімшілік кедергілерді болдырмауға, инфрақұрылымды дамытуға, оқытуға, кәсіпкерлерді сүйемелдеуге, инвесторларды тартуға бағытталған.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Үйден-ақ тіркеуге болады

Динара МҰРАТҚЫЗЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы «Отбасы банкпен» («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) бірлесіп, жеке тұлғаларға арналған жылжымайтын мүлік кепіл шартын тіркеу бойынша Мемлекеттік қызметке Blockchain технологиясын енгізді.

Енді ипотеканы рәсімдейтін қазақстандықтар кепіл шартымен baspara.otbasybank.kz порталындағы жеке кабинетінде таныса отырып, оған ЭЦҚ көмегімен қол қоя алады. Жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалығын мемлекеттік тіркеу туралы нәтиже хабарлама түрінде банк сайтындағы және eGov порталындағы жеке кабинеттерге келіп түседі.

«Бұрын азаматтар кепіл шартын тіркеу үшін банктен құжат алып, оны ХҚО-

ға апаруы тиіс болатын. Халыққа қызмет көрсету орталығында ол шарт тіркелген соң клиент ауыртпалық туралы анықтаманы алып, тіркелген шартпен бірге оны банкке ұсынатын. Енді Blockchain технологиясының арқасында бұл процесс автоматтандырылды. Банк пен ХҚО арасында жүрудің қажеті болмайды, қажетті құжаттарды банк ХҚО-ға өзі жібереді», – деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрағасы Әділ Қожықов.

Жылжымайтын мүлік кепіл шартын онлайн тіркеу қызметін автоматтандыру – банк клиенттеріне бұл процесті 3 күннен 1 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік береді. «Отбасы банк» тарапынан жылжымайтын мүлік кепілінің шарттарына қол қоюға және тексеруге жұмсалатын операциялық шығындар да қысқарады.

«Отбасы банкінде» Blockchain қолдану арқылы кепілді онлайн тіркеу мүмкіндігі екі апта бұрын қосылды.

ЖОЛДА САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ

Темір болғанмен, көліктер де адам секілді қысқа дайындалады. Әрі ол өте маңызды. Өйткені, қысқа дайындықсыз өткен көліктер қақаған суықта сізді жолда қалдыруы мүмкін. Майын, суын ауыстырып, аккумуляторын қысқы режимге ауыстыру оларға дәрумен бергенмен бірдей. Ал қысқы дөңгелек салу – қар мен мұзда таймайтын қысқы етік секілді. Онсыз қыстан шыға алмайсыз. Абайсызда тайып кетсеңіз, өзіңізбен қоса қысқа сакадай сай дайындалған өзге жүргізушіге зиян келтіруіңіз мүмкін.

Басқа басқа, күн суытқан кезде көліктің кадiрi артады. Ешкім жаяу шақырымдап жүргісі келмейді. Ал сондай кезде ол бұзылып қалса, одан асқан қиындық болмайды.

Биыл ару қаламызға қар ерте түсті. Ауа райы болжамына сенсек, алдағы 3 күнде де қар жаумақ. «Әлі қазан айы ғой» деп, қысқа дайындалмай, асықпай жүрген жүргізушілер жолда өздері үшін де, өзгелер үшін де жауапты екенін ұмытпағаны жөн. Осы ретте қалалық Тұрғын үй саясаты басқармасы ауа райының қолайсыздығына байланысты қаланың жүргізушілері мен жаяу жүргіншілерін сақтық шараларын сақтауға шақырды.

«Жолдың жүру бөлігінде мұз қатуына байланысты жүргізушілерге жылдамдықты төмендетуге, автомобильдер арасын-



дағы қашықтықты сақтауға, кенеттен жасалатын маневрлар мен тежелулерден аулақ болуға, жаяу жүргіншілерге көктайғақтың пайда болуына байланысты жаяу жүргіншілер жолында жүру кезінде сақтық шараларын сақтауға кеңес береміз» делінген басқарма хабарламасында.



КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ

ОТБАСЫЛЫҚ БЮДЖЕТ

Коммуналдық қызметке қанша төлейміз?



Динара
МҰРАТҚЫЗЫ

Мамандар қазақстандықтардың үй-жайға кететін шығындары отбасылық бюджетіне қаншалықты қысым жасайтынын айтты. Energyprom сарапшылары 2021 жылдың II тоқсанында отбасылардың коммуналдық қызметтерге, тұрғын үйді ұстауға және жөндеуге жұмсалатын шығындары бір үй шаруашылығына орта есеппен 34,5 мың теңгеге жеткенін хабарлады. Бұл 1 жыл бұрынғыға қарағанда ақшалай мәнде 17,6%-ға, ал 5 жыл бұрынғыға қарағанда 36,3%-ға және 10 жыл бұрынғыға қарағанда 84%-ға артық.



Жалпы, барлық бағыт бойынша жиынтық ақшалай шығындар ҚР-дағы бір үй шаруашылығына ағымдағы жылдың II тоқсанында орташа есеппен 676,6 мың теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,5%-ға көп болса, 5 жыл бұрынғыға қарағанда 67,1%-ға, 10 жыл бұрынғыға қарағанда 2,3 есе көп.

Ақшалай кірістерге келер болсақ, бұл көрсеткіш тоқсанына бір үй шаруашылығына есептегенде 703,7 мың теңгеге жетті, яғни өткен жылға қарағанда 13,5%-ға, 5 жыл бұрынғыға қарағанда 56,8%-ға, сондай-ақ, 10 жыл бұрынғыға қарағанда 2,3 есе артық.

Осылайша халықтың «коммуналдық», үй-жай мен жөндеу шығындары қазақстандық отбасылардың жиынтық шығындарына қарағанда әлдеқайда баяу өсуде. Үй шаруашылығының кірісі өз кезегінде айтарлықтай тез артуда. Нәтижесінде, тұрғын үй шығындарының қазақстандық тұрғынның қалтасына әсері төмендеп отыр.

Анықтама үшін:

Үй шаруашылығының жалпы ақшалай шығындарына тұтынушылық шығындар, туыстары мен таныстарына материалдық көмек, алимент, салықтар және басқа да төлемдер, несие мен қарызды өтеу кіреді. Тұтыну шығындары – үй шаруашылықтарының азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды, сондай-ақ, ақылы қызметтерді сатып алуға бағытталған ақшалай шығындардың бір бөлігі.

2021 жылдың екінші тоқсанының қорытындысы бойынша үй шаруашылықтарының тұтыну шығындарының ішіндегі коммуналдық қызметтерге, тұрғын үйді ұстауға және жөндеуге кететін шығын үлесі бар болғаны 5,5%-ды құрады. Салыстыру үшін: 1 жыл бұрын көрсеткіш 5,6%-ды, 5 жыл бұрын – 6,7%-ды, 10 жыл бұрын – 6,9%-ды құрады.

Сектордағы үй шаруашылықтарының жиынтық шығынына қарасты үлесін айтар болсақ, 1 жыл бұрынғы 5,2%-бен, 5 жыл бұрын 6,2%-бен және 10 жыл бұрынғы 6,4%-бен салыстырғанда 5,1%-ға дейін қысқарды.

Шын мәнінде, отбасылық бюджетте коммуналдық және тұрғын үй төлемдерінің салмағы аз және жыл сайын қысқарып келеді. Өсіп келе жатқан инфляция мен басқа секторлардағы бағаның тұрақсыздығын ескерсек, мұндай көрсеткіштер көңілден шығады.

Өңірлік бөліністе отбасылық бюджетке коммуналдық және тұрғын үй шығындары қысымын Атырау, Алматы және Жамбыл облыстарының тұрғындары аздау сезінеді, мұнда сектордағы үй шаруашылықтарының тұтыну шығындарына келетін жалпы шығындардың үлесі 3,1%-дан 3,8%-ға дейін, ал жиынтық шығыстардың үлесі 3,7%-дан аспайды.

Денсаулық сақтау, білім беру, бос уақыт, тұрмыстық және басқа да тауарларды жөндеу және т.б. қоса алғанда, барлық бағыт бойынша қазақстандық отбасылардың жиынтық шығындарына келетін болсақ, ең жоғары шығындар Алматы (биылғы екінші тоқсандағы үй шаруашылығына 818,9 мың теңге), сондай-ақ, Қызылорда (795 мың теңге) және Қарағанды (778,5 мың теңге) облыстарының отбасыларына тиесілі екен, ал ең төменгі көрсеткіштер Шымкент (508,3 мың теңге), Қостанай (528,2 мың теңге) және БҚО-да (580,1 мың теңге) тіркелген.

Сонымен қатар, ең жоғары табыс Маңғыстау облысында (бір тоқсанда үй шаруашылығына 979,4 мың теңге), Нұр-Сұлтанда (891,3 мың теңге) және Қарағанды облысында (835 мың теңге), ал ең төмен табыс – Шымкентте (566,6 мың теңге), сондай-ақ, Жамбыл (598,9 мың теңге) және Алматы (604,4 мың теңге) облыстарында байқалады.

КӨРМЕ



Алматы шаһарының келбеті

көрмедегі суреттерден байқалды



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Алматы музейінде қала әкімдігінің қолдауымен II Дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Алматы шаһарының келбеті бейнеленген қылаңам туындыларының көрмесі ашылды.

«Алматы кезеңі» деп аталатын жеке коллекциялық көрмеге белгілі қылқалам шеберлері Владимир Стерлигов пен Татьяна Глебованың графикалары қойылған. Автономиялық бейкоммерциялық «Диалог культур» ұйымы және «Жауһар» картиналар галереясы ұйымдастырған аталмыш көрмеге Алматы қалалық әкімдігі қолдау көрсеткен. Қылқалам шеберлері Ресей елінің тумалары болғанымен, соғыс кезінде Алматыда бірнеше жыл өмір сүрген. Тағдыр тәлкегіне түскен ерлі-зайыптылар үшін Алматы «өмірдің жұмақта өткен бөлігі» іспетті екен. «Владимир Стерлигов пен Татьяна Глебованың есімдері біз үшін маңызды, өйткені олардың тағдыры Алматы қаласымен байланысты. Олар – соғыс жылдарындағы қаланың жадын сақтап қалғандар. Бізге олардың шығармашылығын көрсету

өте маңызды болып көрінді. Көрмеге келгендер бұл жұмыстардан керемет көріністерді, атмосфераны, табиғатты тамашалай алады. Суреттерде бәрі жанға жайлы, жылы. Ал дәл сол уақытта басқа жерлерде соғыс болып жатқанын ескерсек, Алматыда бейбіт өмір болғанын байқаймыз», – дейді Автономиялық бейкоммерциялық «Диалог культур» ұйымының арт-директоры Макпал Мусина.

Өнерінде өзіндік техниканы қалыптастырған суретшілердің жұмыстары Алматы қаласының сұлулығын акварель, жай қалам және графика түрінде бейнелеген.


«Бұл екі суретшінің өмірінің бұралған сәттері көп. Неге десеңіз, Владимир Стерлигов Қарағандыдағы лагерге айдалған, біраз уақыттан соң Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, жараланған. Кейіннен Алматыға қайта оралған. Ол кісі бір сөзінде «Түрмеде болғанда басқа Қазақстанды көрдім, ал еркіндікте болғанымызда өміріміздің жұмағын көрдік», – дейді. Ал Татьяна Глебова Ленинградтан қайтып келгенін, төсек тартып, жатып қалған. Сол кезде терезенің ар жағындағы табиғат бейнесін – ағаштың бұр жаруын, гүл-

деуін, жерге түсуін бейнелеген. Табиғатқа қарап өмірдің құндылығын терең түсініп, сонау соғыс кезеңіндегі Алматының бейнесін үздіксіз бейнелеген. Сол себепті, бұл туындыларды Алматы музейінде қалдырып, қала тұрғындарына сол кездердегі қаламыздың тамаша көркінен хабар беруіміз қажет», – дейді «Алматы қаласы музейлер бірлестігі» директорының даму жөніндегі орынбасары Қайрат Тарбаев.

Көркем туындыларды тамашалаған көрермендердің көз алдына соғыс жылдарындағы Алматының таныс бейнелері елестеп, тұмса табиғаттан хабар бергендей сезім қалдырды. Айта кететін жәйт, Татьяна Глебованың соғыс жылдарындағы ашаршылықты да бейнелеген суреттері Ресейдегі көрмелерде сақтаулы.

Татьяна Глебова 1900 жылы Ресейдің Санкт-Петербург қаласында туған. 1942 жылдың жазында отбасымен бірге Алматыға қоныс аударған. Ал оның жұбайы, суретші Владимир Стерлигов поляк тумасы. 1904 жылы туған. 1934 жылы репрессияға ұшырап, тұтқындалған. 1935 жылы сотталып, Қарағандыдағы лагерге айдалған. 1938 жылы Қазақстан Суретшілер одағына мүшелікке қабылданған.

МҰРАЖАЙ



Әсел
ДАҒЖАН

Алматыдағы Әуезов музейі 25 жылдан кейін жөндеуден өтіп жатыр. 2022 жылы Мұхтар Омарханұлының туғанына 125 жыл толады. Мерейтойға дайындық жұмыстары қазірден басталып кетті.

«Металдық жобалауға сәйкес, жазушының музейін қайта жаңғыртуға республикалық бюджеттен 110 млн. теңге бөлінген. Жөндеу жұмыстарын «Қазреставрация» РМҚ жүргізуде. Музей 25 жылдан кейін қайта қалпына келтірілуде. Жаңартылған мұражай қабырғасында келесі жылы жазушының 125 жылдық мерейтойын атап өтеміз», – дейді институт директоры К.Матыжанов.

Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейі 1963 жылы 28 қарашада ашылды. Бұл үйде жазушы өмірінің соңғы 10 жылында тұрған. Музей ұлы жазушының мұрасын жинақтап, насихаттау, шығармашылық өмір жолы мен қоғамдық қызметін, әдебиет саласындағы ізденістерін жан-жақты тану бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Музейдегі экспонаттар 11 залға орналастырылған.

Қоғамдық көліктер тексерілуде

Алматы аумағында 4–13 қазан аралығында «Автобус» іс-шарасы өтеді



Динара
МҰРАТ

Департамент баспасөз қызметінің хабарлауына сәйкес, 184 патрульдік экипаж және 911 полиция қызметкері осы аралықта жолаушылар көлігін тексеретін болады.

«Бұл іс-шара жолаушылар тасымалдайтын қоғамдық көлік жүргізушілерінің жол қозғалысы ережелерін бұзуын анықтау мен жолын кесуге, сондай-ақ, автобустардың техникалық жағдайын тексеруге бағытталған. Жүргізушілердің көліктік тәртібін жақсарту, техникалық ақауы бар немесе қайта жабдықталған жолаушылар көлігінің қолданыста жүру фактілерін анықтау және заңсыз жолаушылар тасымалының жолын кесу», – дейді Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Манап Саттаров.

Іс-шараның бірінші күнінде 46 әкімшілік құқықбұзушылық анықталды. 29 жүргізуші ҚР ӘҚБК-нің 595-бабы (маневр жасау ережелерін бұзу) бойынша, 12-сі көлік жүргізу кезінде телефонды пайдаланған, ҚР ӘҚБК-нің 591-бабы. Мамандандырылған айыппұл тұрағына 1 қоғамдық көлік қойылды. Рұқсат етілмеген 6 қоғамдық көлік пен такси аялдамасы жойылды.

«Науқанның негізгі мақсаты – жолдардағы апатты жағдайлардың алдын алу. Жолаушылар көлігіндегі жазатайым оқиғалардың талдауы көрсеткендей, жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері жүргізушілердің Жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтамауы, атап айтқанда, белгіленген жылдамдықты асыруы, қарсы жолаққа шығуы және қашықтықты сақтамауы болып табылады», – деді полиция өкілі.





ҚҰРМЕТ

ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ



Нұржамал
ТЕГІНБАЙҚЫЗЫ

Қазан айының алғашқы күнімен ілесе келетін Қарттар күні мерекесінде әрқайсымыз біздің бейбіт күніміз бен бақытты өміріміз үшін аянбай еңбек етіп, Тәуелсіздігімізді тұғырлы еткен, бүгінде ардагер деген ардақты атты иеленген қазыналы қарттарымызға құрмет көрсетуге асығамыз. Бұл – біздің аға ұрпаққа деген үлкен құрметіміздің белгісі. Алматы қалалық Қан орталығының ұжымы да бұл күнді елеусіз қалдырған жоқ.



«Nur Otan» партиясының Бостандық аудандық филиалының «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында Орталықтың директоры Жандос Қуанышбекұлы Нәдіров «Өркен» бастауыш партия ұйымы атынан Бостандық ауданында тұратын тыл майданының қажымас қайраткері, еңбек ардагері, бірінші топ мүгедегі Пелагея Васильевна Қалабаеваны Қарттар күнімен құттықтап, сый-сияпат жасады.

Орталық директоры өзінің құттықтауында бейбіт өмір сүріп, бақытты ғұмыр кешу жолымызда жан аянбай жаумен шайқасып, тылда еңбек көрігін қыздырған ардагерлерді кейінгі ұрпақтың ұмытпайтынын, оларды әрқашан ардақтап құрметтейтіндерін және ол құрметтің «Nur Otan» партиясының арнайы жобасы арқылы жүзеге асырылып келе жатқанын жеткізді.

Алматы қалалық Қан орталығының директоры Жандос Қуанышбекұлына ардагер ана да өз кезегінде адамның өмірі мен денсаулығын жақсарту ісіне қан қызметі арқылы зор үлес қосып жүрген Алматы қалалық Қан орталығының қызметкерлеріне, Бостандық ауданының әкімдігіне қарттарға деген құрметтері үшін алғысын айтып, батасын берді. Үлкенге құрмет көрсетіп, қарттарды қадірлеу «Қарттарым – асыл қазынам» деген қағиданы берік ұстанған қалалық Қан Орталығының қалыптасқан дәстүрлерінің бірі деуге болады. Бұл күні Орталықтың бастауыш партия ұйымы өз ұжымдарының да ардагерлеріне құрмет көрсетуді естен шығарған жоқ.

БӘРЕКЕЛДІ!

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ! Дүниеге үшем келді



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қалалық Перинаталдық орталығында дүниеге үшем келді.

– Сәбилер мерзімінен бұрын **902 грамм, 924 грамм және 916 грамм** болып туылды. Дегенмен, дәрігерлер екі қыз бен ұл баланың өмірін сақтап қалу үшін қолдан келгенін бәрін жасады. Алғашында үшем тыныс алу аппаратында болды. Дәрігерлердің көрсеткен көмегінің арқасында күту кезеңі оң динамиканы көрсетті. Жаңа туған нәрестелердің жағдайы тұрақталғандықтан, жалпы бөлімге ауыстырылды. Қазіргі уақытта жас ана мен нәрестелердің жағдайы қанағаттанарлық, – деп хабарлады қалалық денсаулық сақтау басқармасының өкілі.

– Қазақы ырыммен көпке дейін ешкімге жария етпедік. Қазір сәбилеріміздің жағдайлары жақсы. Бізге үлкен қолдау көрсеткен дәрігерлерге алғысымыз шексіз. Бүлдіршіндерге Мұхаммед, Әмина және Сумая деген есім бердік, – дейді балалардың анасы Марал Жолдыбаева.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Елімізде жыл басынан бері ғаламтордағы алаяқтық бойынша 7 мыңнан аса қылмыстық іс анықталған. Бұл 3-4 жыл алдыңғы дерекпен салыстырғанда, 2 есеге көп көрсеткіш. Қазақстанда алаяқтар қолданатын әлеуметтік желілер арасында Telegram мессенджері алдыңғы қатарды иеленеді. Соңғы уақытта аталған әлеуметтік желі арқылы жалған аккаунттар ашып, қаржылай көмек сұрайтындардың қатары артқан. Мұндай алаяқтарға алданып қалып жатқан құрбандардың да саны басым.

– Алаяқтық схемасы қарапайым: кез келген адамның әлеуметтік желідегі жалған аккаунты жасалады. Сол арқылы оның жақын туыстарына, достарына не өзге таныстарына хат жазу арқылы белгілі бір банк картасына ақша аудару сұралады. Мұндай деректер әсіресе, Telegram мессенджерін пайдаланушылар арасында жиілеген, – дейді компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметінің маманы Дамир Сардар.

Ресми статистика бойынша пандемия басталғалы интернет алаяқтық **80%-ға** артқан. Бұл соңғы уақытта оңай жолмен ақша табатындардың жиілегенін көрсетеді. Осыған байланысты Алматы тұрғындарының арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде жауап бергендердің **78%-ы** интернет саудадан аузы күйген. **17%-ы** картадан ақша ұрланғанын айтса, **5%-ы** басқа да алаяқтық түріне тап болған.

– Мен Instagram әлеуметтік желісі арқылы көйлекке тапсырыс бердім. Маған 100% төлем жасап, 3-4 апта күту керегін айтты. Нәтижесінде, көйлек те, ақшам да жоқ. Мені киім сататын аккаунт өзіне жаза алмайтындай шектеп тастаған. Өзге аккаунттан кіріп қарасам, парақшасындағы суреттердің астына жазба қалдыруды шектеп тастаған екен. Ешкім оның алаяқ екені туралы жазба қалдырып кете алмайды. Салдарынан қаншама адам алданып жатады, – дейді Сәбина Ақынбекова.

Бұл оқиғаға байланысты заңгер Зере Жарылқасын тауарды алмай ақшаны аударудан сақ болу керектігіне назар аудартады. Айтуынша, сатушының жеке басын растайтын куәлікпен танысып, оның алаяқ емес екеніне көз жеткізген дұрыс.

– Осындай жағдайға ұрынып жатқан адамдар көп. Егер интернет алаяқтардың құрбаны

болған жағдайда құқық қорғау органдарына бірден арыз жазғаны дұрыс. Бірақ көбі полицияға бармай-ақ үміт үзеді. Азаматтардың көбі құқығын қорғауға келгенде «полиция алаяқты тәбәтіне кепілдік бермейді» деп қолын бір сілтейді. Бірақ сол адам 100% кепіл бола алмайтын алаяққа сенді ғой. Сондықтан құқық қорғау қызметкерлеріне де сенім артып, арыз жазғаны абзал. Әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы ол адамды тауып, қылмысты ашуға болады. Заң бойынша Қылмыстық кодексте алаяқтарға қолданылатын жаза түрлері мен белгілі бір

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Компьютерлік инциденттерге әрекет ету қызметінің маманы Дамир Сардар ғаламтордағы алаяқтықтан сақтанудың келесі шарттарын ұсынады:

- Интернет жүйесі арқылы келген сілтеме бойынша өткен кезде мекенжай жолына, яғни доменнің дұрыстығына, акция жүргізетін ұйымның не компанияның ресми атауындағы артық символдарға назар аудару керек.
- Банк картаңыздың деректерін сақтап, картаның сыртқы жағындағы 3 санды CVV/CVC-кодын ешкімге айтпаңыз. Сондай-ақ, банктен келіп түсетін SMS-кодты ешбір жағдайда бейтаныс жандарға хабарламаңыз.
- Интернетке қол жеткізудің ашық қоғамдық Wi-Fi-нүктелеріне сенбеңіз, сонымен қатар, өз аутентификациялық деректеріңізді қорғалмаған сымсыз желілер арқылы енгізбеуге тырысыңыз.
- Бопсалаушылардың телефон бойынша талаптарын орындамаңыз, ал егер Сіз интернет-алаықтардың құрбаны болсаңыз, ең жақын полиция бөліміне немесе 102 телефонына дереу жүгініңіз.

МӘСЕЛЕ

Әлеуметтік желі деген «күдірет» бар қазір, айналада, тіпті әлемде не болып, не қойып жатқанын жүрген-тұрған жерінде-ақ біліп отырасың. Жақсы да, жаман да соның бетінде.

Өлгінде Facebook әлеуметтік желісін қарап отырғам. Бір видеода балақайдың тілашары, әлде сүндет тойы өтіп жатыр екен мейрамханада. Ортаға үкілі көмшат бөрік киген қыздар, қамшы ұстаған жігіттер әдемі күйме жегілген ат жетектеп шықты. Жан-жағын қаумалай улаған-шулаған елден, жарқ-жүркі еткен отшашудан үріккен байғұс ат басын олай шайқап, бұлай шайқап, жер тарпып тұрып қалды. Қазір мейрамхана төріне темір тұлпар да әкеп кіргізетін болған.

Әрине, бала дегенде қай ата-ананың жаны қалсын, қуанышын ерекше етіп тойлап, көппен бөліскісі келеді ғой. Бізде қазір «Гендер-пати» деген той (Gender Reveal Party) шықты. Яғни ерлі-зайыпты құрсақтағы баласының жынысын анықтау сәтін салтанатты іс-шараға айналдыру тойы. Тойдың негізгі атрибуттары – көк және қызғылт түстер. Осы түсті екі шарды көкке ұшырып, оны жару немесе екі түсті тортты кесу арқылы шарананың жынысын біледі. Гендер-пати туралы да пікірлер екіге жарылып жүр осы күні. Ал сіз не дейсіз?

Самал ЖАРЫЛҚАСЫН, мемлекеттік қызметкер:

– Гендер-пати дегенді құптаймын. Тамаша той! Қуаныш тойы! Балалы болуды армандап жүріп, сол күннің қуанышты хабарын естіген жұбайлар нәрестенің



жынысын білгісі келетіні заңдылық. УЗИ тексерісінен соң, кішкентай қуанышын жақындарымен бөлісуде тұрған ештеңе жоқ. Тіпті, ел алдында жүрген өнер иелері де осы бір үрдісті жиі қолданып жүр қазір. Иә, бұл батыстан енген үрдіс шығар. Бірақ жақсысын алғанда тұрған ештеңе жоқ деп ойлаймын. Жағдайы келгендер жасай берсін. «Қуанышты бөліссен, көбейеді» деген бар.

Балқия КЕҢЕСЖАН, зейнеткер:

– Жалпы, біздің қазақтың тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмірі дәстүр мен мәдениетке негізделген ғой. Бірақ сол дәстүрімізге жаттың мәдениеті сіңіп бара жатқан жоқ па деп алаңдаймын кей-кейде. Балам ат жалын тартып мінер азамат болды деп ашамай істетіп, ұлан-асыр той бер-

мерзімдері бар. Олар 4 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Немесе 4000 АЕК айыппұл салынады. Бұл егер алаяқтық қылмыстың жеңіл түрі болған жағдайда. Егер ауыр түрі болса немесе қылмыс бірнеше рет қайталанған жағдайда, алаяқ 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімде түзеу мекемелерінде жазасын өтейді, – дейді заңгер.

Тағы бір мысал, тауар сатушы қыздың алданғаны жайлы. Аружан есімді қала тұрғыны ұялы телефонын сату үшін жеке хабарландыру сайтына жазба қалдырған. Оған бейтаныс адам хабарласып, телефоны ұнағанын, сатып алғысы келетінін, алайда бөлек қалада тұратынын айтады. Ауылдық жерде тұратынын жеткізіп, ақшаны өзі жіберген сілтеме арқылы төлейтінін жеткізеді. Аружан сілтеме бойынша кіріп, картасының сандарын толтырады. Артынша карта-сындағы ақшалар ұрланғанын байқайды. Бұл – интернет алаяқтықтың жаңа түрі. Аталған жағдай туралы заңгер картаның артындағы 3 таңбалы санды ешкімге айтпау керек дейді:

– Бүгінде интернет алаяқтарының кең тараған арбау әдістерінің бірі – olx.kz жеке хабарландыру сервисі арқылы тауар сату. Олар тауарды сату және сатып алу арқылы пайда табады. Тауарлар, шын мәнісінде, жоқ болуы мүмкін. Ең алдымен өздерінің басқа қалада екенін айтады. Ақшаны картаға аударуын сұрайды және де сілтеме жіберемін сол бойынша мәліметтерді толтырсаңыз, ақшаны аударамын деп сендіреді. Сілтемені толтырған кезде алаяқтар автоматты түрде картаңыздағы ақшаны иешіп алады. Өз картаңызды басқара алмай қаласыз. Сондықтан olx.kz арқылы тауар сатсаңыз және сізбен сатып алушы хабарласып, курьерлік жеткізу қызметі арқылы тапсырысты рәсімдеу сілтемесі арқылы өтуді сұраса, сенбеңіздер! Ол – алаяқтар, olx.kz сайтында жеткізу қызметі жоқ, – дейді заңгер.

ГЕНДЕР-ПАТИ

кімге күлкі, кімге түрпі?..

ген аталарымыз бүгінгі гендер-пати дегенді көрсе, бетін шымшитын шығар-ау.

Мен айтайын сізге, жуырда балаларым телефоннан бесіктің шүмегімен арақ ішіп, баланың жынысын анықтап жатқан тойдың видеосын көрсетті. Бұл не сұмдық?! Қазақта баланың жынысын алдын ала болжау деген ешқашан болмаған. Тек бір Алладан сұрап медет еткен. Әлеуметтік желіге желімдей жабысқан қазіргі жастардың тірлігі осының бәрі.

Алмас СҮЙІНДІК, менеджер:

– Былтыр үйленген досым жуырда гендер-пати жасады. 100-200 адам жинаған жоқ, әрине. Өзінің етжакын ағайын-туыстарын және бізді, яғни достарын жинап, қуанышын бөлісті. Бұл негізгі қазіргі жастардың арасында сәнге айналған үрдіс. Тойға келген үлкендер де жастардың кішкентай қуанышын бөлісіп, баталарын берді. Сондықтан бұл үрдістен өз басым айтарлықтай ерсілік байқай алмадым. Досым әдемі сәтті әлеуметтік желіге жүктеп, көпшіліктің тағы да ниет-тілегіне көмілді. Көптің батасы жақсы емес пе?! Мен де қызығып кеттім сол тойға. Үйленіп, балалы болсам, бізде де гендер-пати болатыны сөзсіз.

Сауалнаманы жүргізген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



МЕЙІРІМ

«Бәрібір ол – менің анам»

Әке-шешесінің жылулығы мен қамқорлығын көріп өскен балалардың кейбірі ата-ана қадірін біле бермейді. Егер олар жетім өскен баланың көзімен қарайтын болса, әке-шешеге деген құрметі, сыйластығы өзгеше болар ма еді?.. Өйткені, жетім баланың бұл өмірдегі ең үлкен қалауы – қалай да болсын ата-анасымен қауышу.



Әсел
ДАҒЖАН

«Бұл балалар ата-анасының тәрбиесін алмаса да, оларға деген көзқарастары өзгермейді. «Бәрібір ол – менің анам» деген сезімде болады», – дейді мамандандырылған «Жанұя» кешені директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары Айнаш Қалиева. Оның айтуынша, бұл «Жанұя» кешені панасыз қалған балаларды өмірге, қоғамға бейімдеп, білім мен тәлім-тәрбие береді. Олар 18 жасқа толған соң «Жастар үйіне» орналастырылады. Үкімет тарапынан оларға үй беріледі.

Міне, осыдан кейін өмірден өз орнын тауып, аяқтан тұрып кетуге олар өздері талпыныс жасауы керек.

Бүгінде «Жанұя» кешенінде 89 жетім бала бар. Олардың тұл жетімі – 21. Ата-ананың қамқорынсыз қалған балалар саны – 68. Орталықта қазақ, орыс, сыған, кәріс, ұйғыр, әзербайжан, шешен, дүнген ұлт өкілдері тәрбиеленеді. 89 баланың 21%-ы – қазақ балалары.

Аталған орталықтағы балалардың өмірге келе салып, жетімдік күйіне түсуіне ата-аналар тарапынан жауапкершіліктің жоқтығы, әлеуметтік жағдайдың төмен болуы, жеңіл жүріс пен ішімдікке салынып кету басты себеп көрінеді.

МАМАН ПІКІРІ

Бағдагүл ИЗҒҰТДИНОВА,
«Жанұя» кешенінің қызметкері:

– Осы кешенде қызмет істегеніме 22 жыл уақыт болды. Жетім балалардың жүйке, ой-санасына байланысты жетім екендіктерін сезіну бірден бола бермейді. Кейбір бала ата-анасының ыстық махаббатын сезінгісі келсе, кейбіреуінде ондай сезім байқалмайды. Әлбетте, олардың ата-анасына деген өкпе-реніші бар. Балалардың көбі мектеп бітірген соң өз ата-анасын іздейтіндігін, кездескісі келетінін, болашақта бірге тұрғысы келетінін айтады. Орталықта орыс ұлтының балалары көп. Осыдан 20 жыл бұрынғы жетім балалар мен бүгінгі панасыз балалар арасында айырмашылық бар. Олардың үлкенді, тәрбиешілерді сыйлауы, құрметі бұрынғыға қарағанда әлсіздеу. Биыл әкімдік тарапынан жаңажылдық шырыша ұйымдастырылды. Мәдени, спорттық іс-шаралар да өтіп тұрады.



БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Бүгінгі таңда елімізде 23 мыңдай жетім бала бар. Алайда, олардың тек 4 мыңы ғана балалар үйінде тәрбиеленуде. Соңғы 10 жыл ішінде жетімдер үйінің саны 114-ке, жетім балалар қарасы 10 мыңға кеміген. Бүгінде еліміздің аумағында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларды қарайтын 96 ұйым жұмыс істеп жатыр.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Тұңғышымыз мектеп табалдырығын аттап, біз де 1-сынып оқушысы атандық. Әріптерді қайта танып, қолымызға жаңадан қалам алдық. Бұл бір жағынан, жазуыңды дұрыстауға жақсы мүмкіндік екен. Балаға қалай жазу керек екенін айтып тұрып, өзіңіздің әдемі жазбауға қақыңыз жоқ қой. Қазіргі балалар сынды да, мінді де ойланбастан «тарс» еткізіп айта салады. «Өзіңіз де әдемі жазбайсыз ғой» десе, одан кейін баланы ары қарай оқыта алмай қалатыныңыз сөзсіз.



Мұғалімсіз күніміз күлімдемейді

Біздікілер балабақшада жүрген кезде балалары мектепте оқытын туыстарымыз, таныстарымыз «біз балалардың күнтізбесімен жүреміз» десе, күлетінбіз. Басымызға түспегенін түсінбейді екенбіз ғой. Өйткені, бақшада баланы жиі сұрап алып тұруға болады. Мәселен, ауылға жол тартатын болсаңыз, оншақты күнге сұрап ала аласыз. Мектептегідей «бағдарламадан қалып кетеді, әріп танымай қалады деген» жоқ.

Ұйқыға ерте жатып, ерте тұруды үйрендік. Жұмыс күндері баяғыдай қонаққа барып, туған-туыстың үйін аралап жүру деген жоқ. Біреу «қонаққа шақырайын деп едім» десе, үй-ішімізбен «сенбі, жексенбі күндері боспыз» деп айтатын болдық. Өйткені, бала сабақтан келгесін тамағын ішіп алып, сыртқа шығып ойнайды. Үйге кірген соң ұйқысы келеді. Сөйтіп жүргенде кеш болады да бірден сабақ оқуға кірісіп кетеміз. Басқа балаларды «сендер басқа бөлмеге барып ойнаңдар» деп шығарып, есікті жауып аламыз. «Ешкім кедергі келтірмесе, сабақты дұрыс түсінсе» деген ой ғой. Бұрындағы үйдегі тіршілік түнге 00.00-ге дейін жалғасатын, ал қазір 21.00-ден бастап төсек салып, ұйқының қамын жасай бастаймыз. Бала кеш жатса, таңертең сабаққа зауқы болмайды екен.

Баланы мектепке тасу – қаладағы үлкен жұмыстың бірі екен. Бір баланың соңында бір адам жүреді. Өйткені, таңертең көліктің көптігінен жолдан өту мүмкін емес. Әйтпесе, біздің мектеп үйден 200 метр жерде орналасқан. Тек үй мен мектептің арасында төрт торапты жол бар. Онда жаяу жүргіншілерге арналған жолақ немесе белгі де жоқ. Сондықтан көліктер қатты жүреді әрі өздері асығып бара жатқасын балаларды өткізіп тұрмайды. Сенесіз бе, біздің мектепке қаланың сыртындағы ауылдардан қатынайтындар бар екен. Олар үйлерінен таңғы 05.00-де шығатын көрінеді. Кешке күнді батырып жетеді екен. Сонда қарап тұрсаңыз, баланың жарты күні жолда өтетін болып тұр ғой.

Күнде «Қандай тапсырма берді? Қандай сабақ бола-

ды?» деп күнделігіне үңілеміз. Сабақтан келгесін бірден сөмкесін ашып, дәптерін тексереміз. Бағасын көреміз. Соның өзінде «5 алса екен» деп іштей толқып тұрасыз. Ал баланың өзі дәптерінен жұлдызша көрсе, орнынан ұшып кетердей секіріп қуанады екен. Дәл қазір оларға жұлдызша – бүкіл бағаның төресі секілді.

«Жазуды әдемілеп жаз, сөздерді буынға бөліп оқы» деп отырып күнде 2 сағат сабақ оқимыз. Ватсап әлеуметтік желісінде ата-аналарға арнап чат ашылған. Соның ішінде баласы біріншіге барған жас ата-аналар апайдың берген тапсырмаларын талқылаймыз, талдаймыз.

Күні кеше математика сабағынан апайы сандардың құрамын жазуға таяқшалар қойып кетіпті. Оны сынып болып түсінбей, ата-аналар чатында талқылап, бірауыздан көшіріп жазатын болдық. Сөйтіп, бар оқушы бағадан қағылды.

Күлкің келеді. Қызым күнде әркімнің дәптерін алып келеді. Күнде қайтарып салып жіберем, ертесіне тағы біреуінің дәптерін әкеліп тұрады. Асханаға барып тамақ ішу, асханаға бару – балалар үшін мектептегі ең қызығы. Сол уақытты күтіп отырып, бәрі бірге қатарға тұрып, асханаға барады.

Ғылыми жұмыстың да түр-түрі бар екен. Бірақ бәріне қатысу ақылы. «Жаппай ғылыми жұмыс болған соң неге тегін етпеді екен?» деген де ой бар. Бір жағынан, «әріппен енді танысып жатқан бала ғылыми жұмысты қалай жазады?» деп ойлайсыз. Қысқасы, егер балаңыз ғылыми жұмыс жазар болса, оны да сіз орындап шығасыз. Сөйтіп, тыныш тіршілігімізге бір «ми ашу» жұмыс қосылды. Ми ашу дейтінім, «ала» деп оқып отырсаңыз да бала «лала» деп қайталауы мүмкін. Соны дұрыс оқығанда ми да ашиды, өзіңіз де шаршайсыз. Сондайда әр үйдің еркесін, серкесін жинап, оқытып жатқан мұғалімдерге еріксіз тағы бір рет бас иесіз. 26 бала оқушы тұрмақ, 1 баланың сабағын әрең оқытып жүрген біздердің мұғалімсіз күніміз күлімдемейді екен.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Мобильді қосымшалар дәурені жүріп тұр



Айкерім
НӘЛДІБЕКОВА

Бүгінгі таңда әркім өз өмірін ұялы телефонсыз елестете алмайды. Смартфонның көмегімен сөйлесеміз, сауда жасаймыз, тіпті, саяхатқа барамыз.

Қазір жана гаджеттермен бірге қолданушылардың өмірін едәуір жеңілдететін қосымшалар, қызметтер мен бағдарламалар жасалуда. Осы ретте алматылықтардың қандай мобильді қосымшаларды жиі қолданатынын анықтадық. Нәтижеге қарап, «алматылықтар жалқау болыпты» дерсіз. Өйткені, респонденттердің барлығында дерлік такси мен тамақ шақыруға арналған қосымша бар екен.

Мәселен, қаланың 21 жастағы Жұлдызай есімді тұрғынының телефонында ол күнделікті қолданып отырған қосымшалар ғана орнатылған. Көптеген адам үшін стандартты жинақ – Instagram, WhatsApp, Facebook, Twitter.

– Мен басқа қосымшаларды пайдаланбаймын, олар телефоныма көп орын алады деп санаймын. Тек жұмысқа керек қосымшаларды жүктеймін, – дейді ол. Сонымен қатар, біз Жұлдызайдың телефонынан мессенджерлер мен әлеуметтік желілерге қатысу жоқ қосымшаның белгішесін байқадық.

– Бұл таксиге қоңырау шалуға арналған қосымша. Мен әдетте таксиді сирек қолданамын, көбінесе метромен жүремін. Асыққан кезде такси қызметін үйге шақырамын. Қазір бәрі солай жасайды. Байқасаңыз, бүгінде көшеде қол көтеріп, такси тоқтататындар көп емес, бәрі тұрған жеріне шақыра салады. Өйткені, баға бірдей. Соған қарап, жақында бәріміз жүруді қоятын шығармыз деп ойлаймын, – деді ол күліп.

Алматылық Қымбаттың смартфонда, өзінің айтуынша, «хаос» болып жатыр. Өйткені, ол сұлулық салонында жұмыс істейді. Негізгі мессенджерлерден басқа, қызда мақияға арналған қосымшалар, шы-

ғындарды есепке алу секілді бағдарламалар бар. Білсеңіз, қазірде бухгалтердің көмегіненсіз-ақ ұялы телефондарда болатын бағдарламалар арқылы кіріс-шығыс есебін сауатты жүргізіп отыруға болады.

– Жұмыста жүріп біз көбінесе тамаққа тапсырыс береміз. Сондықтан менде неше түрлі тапсырыс беретін қосымшалар бар. Олардың бәрі маған керек. Өйткені, бізде жұмыста асхана жоқ, сондықтан күнде тамақты тапсырыспен алғызға тура келеді. Такси қызметін де жиі қолданамын. Өйткені, біз жұмыстан шыққан кезде қоғамдық көліктер тоқтап қалады. Келер кезде де асығыс жүреміз. «Оңай» қосымшасын да пайдаланамын. Автобуспен жүрген кезде ол өте ыңғайлы, – дейді ол.

Алматыда құрылысшы болып жұмыс істейтін Айдос болса, смартфонды туыстарымен байланыс үшін ғана пайдаланатынын айтты.

– Білесіз бе, мен смартфонды жуырда алдым. Алдында қарапайым телефон ұстадым. Өйткені, қажеттілік болмады. Тек ата-анаммен, туыстарыммен сөйлесу үшін пайдаланатынымын. Сосын такси қызметі, заттарды онлайн сатып алу қызметі қажет болды. Сөйтіп, смартфон сатып алдым. Мен ата-анам фотосурет жіберу үшін мессенджер орнаттым. Бұл әлдеқайда ыңғайлы. Көлікке қатты қызығамын, сол үшін бірден соған қатысты қосымшаларды жүктеттім, – деді Айдос.

Жалпы, респонденттер пандемия кезінде смартфондар мен мобильді қосымшалардың көп көмегі тигенін мойындады. Әсіресе, қатаң карантин кезінде үйінен шыға алмай қалған жұрт азық-түлікті те қосымшалар арқылы тапсырыспен алғызып отырыпты.

Сауалнама нәтижесі алматылықтардың әртүрлі мобильді қосымшаларды пайдаланатынын көрсетті. Алайда, олардың барлығын бір нәрсе біріктіреді – қоғамдық көлікті пайдалану, үйде тамақ дайындағысы келмеу. Соған сай олар такси мен тамаққа тапсырыс беретін қосымшаларды жиі таңдайды екен.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ

30

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Халқымыз індетті бірге еңсеріп, біртұтас ұлт ретінде бірлігін нығайта түседі деп сенемін. Біз қазіргідей күрделі кезеңде осыл тұстарымызды айқындадық. Алдағы мақсатымызды межелеп, оған жетудің бағыттары мен жолдарын анықтап алдық... Алдағы міндеттерді тиімді жүзеге асырсақ, орнықты даму жолына түсетініміз анық.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Төрехан
ДАНИЯРОВ

Бұл жыл Қазақстанды әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына енгізуді мақсат тұтқан «Қазақстан–2050» Стратегиясын жүзеге асырудың алғашқы жылы болды. Сондықтан тәуелсіздігіміздің бұл кезеңі осы Стратегия басымдықтарына сәйкес мемлекеттік басқару жүйесін сапалы қайта құрудың басталуымен ерекшеленеді. Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру мен әкімшілік реформа, құқықтық жүйені жаңғырту, жемқорлықпен күрес – стратегиялық алғашқы қадамдар ретінде қолға алынды. Осы жылғы маңызды қоғамдық-саяси шаралардың барлығының негізгі мақсаты Стратегияны жүзеге асыруға бағытталды. Мәселен, 2013 жылдың сәуірінде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясы «Қазақстан–2050» Стратегиясы: «бір халық – бір ел – бір тағдыр» девизімен өтті. Сессия қорытындысында Қазақстан халқы Ассамблеясының 2020 жылға дейінгі даму Концепциясы қабылданды. Ал қазан айында өзінің кезектен тыс XV сьезінде «Nur Otan» партиясы да жаңа саяси доктринасын бекітті. Қараша айында Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясы түлектері мен стипендиаттарының форумы өткізілді. «Болашақтың» құрылғанына 20 жыл толуына арналған бұл жиында да Стратегия аясындағы мақсат-міндеттер айтылды, жас ұрпақтың мемлекетіміздің ұзақ мерзімді дамуындағы жауапкершілігі мәселелері қамтылды. «Қазақстан–2050» Стратегиясы аясында жалпы Қазақстан халқының рухани дамуының басты бағдары іспетті – Мәңгілік Ел патриоттық актісі ҚХА-ның XXIV сессиясында ұсынылып, қабылданды. Бұл жылы әлемнің ірі архивтерінде жатқан Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды жүйелі түрде іздеу және зерттеу бойынша «Халық тарих толқынында» атты жоба қабылданды.

1 қаңтар

Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқын жаңа жылдық құттықтауы жарияланды. «Еліміз жоғары экономикалық өсімге қол жеткізді. Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті елдер арасында 51-орынға табан тіреді. Бұл – біздің сөзіміз бен ісіміздің бір арнада тоғысқанының, ең бастысы, ел болып бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара алатынымыздың дәлелі. Біздің мақсаткерлігіміз Лондондағы жазғы Олимпиялық ойындар барысында айқын көрінді. Қазақстан құрамасы үздік 12 елдің қатарына кірді. Бұл жеңіс қазақстандықтарды біріктірудің маңызды факторына айналды», – деді Елбасы.

23 қаңтар

Ақордада Елбасының төрағалығымен Үкімет мүшелерімен, ҚР Президенті Әкімшілігінің жетекшілерімен жиын өтті. Онда 2012 жыл қорытындыланып, 2013 жылдағы ел дамуының нақты шаралары талқыланды.

30 қаңтар

Мемлекет басшысының төрағалық етуімен құқық қорғау органдарының 2012 жылғы жұмысын қорытындылаған және «Қазақстан–2050» Стратегиясын жүзеге асыру міндеттеріне арналған кеңейтілген кеңес болып өтті.



21 тамыз, 2013 жыл.

Қашаған мұнай жобасының Каспий теңізіндегі D жасанды аралы. II қыркүйекте қазақ мұнайы өндірісінде маңызды қадам жасалды. Солтүстік Каспий қайраңында орналасқан Қашаған кен орнынан мұнайдың алғашқы баррелі өндіріле бастады.

2013 жылдан бастап күнтізбеге Отбасы күні енгізілді. Оны қыркүйек айының екінші жексенбісінде атап өту дәстүрге айналды. «Мерейлі отбасы» жалпыұлттық байқауы да кеңінен қанат жайды. Осы жылы ақпан және сәуір айларында дара бітімгер ретінде Қазақстан билігінің ұйымдастыруымен Алматыда Иранның және «алтылық тобының» (Ресей, АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Франция, Германия) келіссөздерінің алғашқы екі раунды өткізілді. Алматы келіс-

сөздерінің қорытындылары ирандық ядролық бағдарлама аясындағы жағдайларды реттеу бойынша Бірлескен жалпы іс-әрекет жоспарының негізіне алынды.

2013 жылдың маусым айында еліміздің мәдени өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі – «Астана Опера» театры ашылды. Осы айда Елбасы атап өткендей, жаһандық дағдарыс салдарын жеңілдету мақсатында Үкімет «Жұмыспен қамтудың жол картасы–2020» бағдарын қа-

былдады. Осы бағдарлама бойынша 2011–2014 жылдар аралығында 470 мыңнан астам адам жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болды. 120 мыңнан астамы жаңа мамандықты игерді немесе біліктілігін көтерді, ал 30 мыңдай ауыл тұрғыны кәсібін дөңгелету үшін жеңілдікпен шағын несиелер алды. Нәтижесінде еліміздегі жұмыссыздық деңгейі келер жылы 5 пайызға төмендеген екен. Жұмысқа орналасқан адамдар саны 8,6 миллион адамға көбейді, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мөлшері азайған. Ірі және орташа кәсіпорындардың 80 пайызында ұжымдық шарт жасалды. Әлеуметтік климатты зерттеу мақсатында мониторинг жарияланып, еңбекті қорғау арты, еңбекақы бойынша қарыздар мен дау-дамайлардың түп мәні анықталды.

Қарашада Президент тапсырмасы аясында Үкімет 2014–2016 жылдардағы көші-қон проблемаларын шешу бойынша Кешенді жоспарды бекітті. Ол ішкі және сыртқы көші-қонға бақылауды күшейтуді, отандық кәсіби мамандар үшін қолдайлы жағдайлар туғызуды, сондай-ақ, шетелдік жоғары кәсіби мамандардың келуі үшін көмек қолын созуды көздеді. Мұның бәрі – адам капиталының сапасын жақсартуға жәрдемдескені сөзсіз.

Осы айда Екатеринбургте Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынас жаңа бірегей құжатпен – екі мемлекеттің де халықтарының мүддесі мен мақсаттарына толық жауап беретін ХХІ ғасырдағы тату көршілік пен одақтастық туралы келісім-шартпен толықты. Тараптар: мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікке өзара құрмет, теңқұқықтық және ішкі істерге араласпау, күш қолданбау немесе күшпен қорқытпау, аймақтық тұтастық, шекараның бұзылмайтындығы қағидаттарын басшылыққа алу жөнінде міндеттемелер қабылдады.

Тәуелсіздік шежіресі

2013
ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

1. Әкімшілік мемлекеттік қызметті реформалау
2. Зейнетақы реформасы
3. Біліктің жергілікті органдары басшыларының сайлауы
4. «Болашақ» президенттік бағдарламасының 20 жылдығы.

өтті. «Біздің елдеріміздің ынтымақтастығы серпінді дамып келеді. Біз үшін Франция Еуропалық Одақ елдері арасында ірі инвесторлардың бірінен саналады. Қазіргі уақытта біз түрлі қызмет салаларындағы 25 бірлескен жобаны іске асырудамыз, екіжақты өзара іс-қимылды дамыту перспективалары өте зор», – деді Елбасы.

11 сәуір

Нұр-Сұлтанға Қырғыз Республикасының Президенті жұмыс сапарымен келді. Нұрсұлтан Назарбаев пен Алмазбек Атамбаев кездесу барысында ынтымақтастықты одан әрі дамытудың жай-күйі мен перспективаларын, Қазақстан-Қырғызстан бірлескен инвестициялық қоры қызметінің нақты бағыттарын тұжырымдады.

17 сәуір

Финляндия Республикасының президенті Саули Ниинисте Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Саули Ниинистенің кездесуінде тараптар екі мемлекет арасындағы екіжақты өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары жөніндегі кең ауқымды мәселелерді, оның ішінде екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығын тереңдетуді талқылады.

18 сәуір

Жоғары қамқоршылық кеңестің шешімімен Назарбаев Университетінің 2020 жылға дейінгі стратегиясы және жаңа Жарғысы бекітілді. Университет классикалық академиялық басқару жүйесіне көшті.

4 ақпан

Мемлекет басшысы Ақордада ел дамуының ағымдағы мәселелеріне қатысты кеңес өткізді. Басқосуда банк секторы, зейнетақы реформасы, мұнай-газ саласын одан әрі игеру мәселелері талқыланды.

6 ақпан

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Мадридте Испания Королі I Хуан Карлоспен кездесті. Мемлекет басшысының бұл сапары аясында екі елдің туризм мен халықаралық саясат саласындағы, сондай-ақ, мәдени-гуманитарлық бағыттағы өзара ынтымақтастық мәселелері қаралды.



8 ақпан

Елбасы Ресейге жұмыс сапарымен барды. Екі ел Президенттері Нұрсұлтан Назарбаев пен Владимир Путин мемлекеттер ынтымақтастығының ауқымды мәселелері жөніндегі екіжақты мәселелерге ерекше көңіл бөліп, 2013–2015 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын талқылап, маңызды уағдаластыққа қол жеткізді.

1 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға келген Францияның Сыртқы істер министрі Лоран Фабиусты қабылдады. Нұрсұлтан Назарбаев мәртебелі мейманның бұл сапары екіжақты қатынастардың нығаюының жоғары деңгейін танытатынын атап

30 ЖЫЛДЫҢ 30 СӘТІ

24 сәуір



Нұр-Сұлтандағы Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық XX сессиясы өтті.

Елбасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен бұл шара «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» тақырыбында болды.

22 мамыр



Президент Жарлығына сәйкес экономиканы дамытуға және әртараптандыруға жәрдемдесу, инвестицияларды тарту, кластерлерді дамыту мақсатында «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі құрылды.

23 мамыр



Елордада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен VI Астана экономикалық форумының аясында БҰҰ-ның қолдауымен тұңғыш рет Бүкіләлемдік дағдарысқа қарсы конференция (БДҚК) өтті. Тәуелсіздік сарайында әлемнің 132 мемлекетінен келген 11 мыңға жуық саясаткерлер мен сарапшылар және осы сала мамандары жаһандық экономиканы дағдарыстан шығару жолдарының түйінді проблемаларын талқылады.

29 мамыр

Елордада Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің, Беларусь Президенті Александр Лукашенконың және мүше болуға өтініш берген Қырғыз Республикасының Президенті Алмазбек Атамбаевтың, байқаушы мәртебесін алуға ниет білдірген Украина Президенті Виктор Януковичтің қатысуымен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысы болды.

1 шілде



Қазақстанға мемлекеттік сапармен Ұлыбритания Премьер-министрі Дэвид Кэмерон келді. Нұрсұлтан Назарбаев пен



2013 жылы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Санкт-Петербургке өткен G20 саммитіне қатысты. Елбасы «Үлкен жиырмалықтың» саммиті аясында БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мунмен, Ресей Президенті Владимир Путинмен, сондай-ақ, басқа да мемлекеттердің басшыларымен және делегациялар жетекшілерімен кездесулер өткізді.

Дэвид Кэмерон екі ел арасындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Кездесу қорытындысында екі ел арасындағы Стратегиялық әріптестік жөніндегі бірлескен мәлімдемеге қол қойылды. Ұлыбритания Қазақстанды сауда мен инвестицияға қолайлы басым елдердің тобына қосты. 2013-2014 жылдары Франция мен Қазақстан мәдениет күндерімен алмасты.

15-16 тамыз


Әзербайжанда түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің (Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығының кеңесі) үшінші саммиті болып өтті. Оған Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Түркия Президенті Абдулла Гүл, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Алмазбек Атамбаев және Түркіменстан Министрлер кабинеті Төрағасының орынбасары Сапардурды Тойлиев қатысты.

5 қыркүйек



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Үлкен жиырмалықтың» саммитіне қатысу үшін Ресей қаласы Санкт-Петербургке келді. Елбасы G20 саммиті аясында БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мунмен, Ресей Президенті Владимир Путинмен, сондай-ақ, басқа да мемлекеттердің басшыларымен және делегациялар жетекшілерімен кездесулер өткізді.

6-7 қыркүйек



Қазақстанға мемлекеттік сапармен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин келді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин өзара кездесуге арқау болған халықаралық мемлекетаралық ынтымақтастық мәселелерін талқылап, маңызды уағдаластыққа қол жеткізді.

11 қыркүйек

Дәл осы күні қазақ мұнайы өндірісінде маңызды қадам жасалды. Солтүстік Каспий қайраңында орналасқан Қашаған кен орнынан мұнайдың алғашқы баррелі өндіріле бастады.

30 қыркүйек

Қазақстанға ресми сапармен Испания Корольдігі Үкіметінің Төрағасы Мариано Рахой келді. Ақордада өткен екіжақты кездесуде Нұрсұлтан Назарбаев пен Мариано Рахой Қазақстан мен Испанияның стратегиялық серіктестігін одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

24 қазан

Беларусь астанасында Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес өтті. Кеңес жұмысына қатысқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев екінші күні Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекет басшыларының басқосуында сөз сөйледі.

20 қараша

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астанада өткен Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінің жұмысына қатысып, сөз сөйледі. «Қазақстанның сот жүйесі алдыңғы қатарда болуы қажет... Барлық

құқық қорғау органдары ішінен ең жоғары тұрғаны Жоғарғы сот болып табылады. Жоғарғы соттың абыройы – Қазақстанның абыройы, жалпы биліктің абыройы. Біз «Қазақстан-2050» Стратегиясын темірқазық ете отырып, сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет», – деді Президент.

28 қараша

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілі, БҰҰ Ауғанстанға ықпалдастық жөніндегі миссиясының басшысы Я.Кубишті қабылдады.

29 қараша



Мемлекет басшысы Астанадағы Тәуелсіздік сарайында өткен «Болашақ» халықаралық бағдарламасының 20 жылдығына арналған форумға қатысып, сөз сөйледі.

14 желтоқсан

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан» орталық концерт залында Тәуелсіздік күніне орай өткен салтанатты жиналысқа қатысып, сөз сөйледі.

24 желтоқсан



Ресей астанасы Мәскеуде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті басқосуы өтті. Жиында Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт жобасы, Армения Республикасының Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікке қосылуының жол картасы, сондай-ақ, экономикалық интеграция мәселелері қаралды.

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

Еліміздің 2013 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму үрдісіне көз салсақ, жыл қорытындысында ІЖӨ өсімі 6 пайызға өскенін айтқан абзал. Осы жылдың маусым айында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңға қол қойылды. Шілде айында «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» (БЖЗК) құрылды. Бұған дейін елімізде жұмыс істеп келген 11 жинақтаушы зейнетақы қорындағы жалпы жинақ көлемі 3,116 триллион теңгені (21 миллиард доллар) құрады және 8,5 миллион клиенттің есепшоты ашылды (жұмысқа қабілетті адамдардың 95%).

Әлеуметтік мәселелердегі жылдың ең өзекті тақырыбы – әйелдердің зейнетке шығу жасына байланысты өрбіді. Бірқатар пікірталастар нәтижесінде, зейнетке шығу жасы 2014 жылдан бастап келесі 10 жыл ішінде бірте-бірте көтерілетін болды. 10 жылдан соң әйелдер мен ерлердің зейнетке шығу жасы теңесіп, 63 жасты құрайтын болады. Ал қазан айында «Nur Otan» партиясының маңызды саяси оқиға деп бағалауға болатын жаңа саяси доктринасы қабылданды. Доктрина партияның XXI ғасырдағы миссиясы мен «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудағы ролін анықтауға бағытталған.



Мемлекеттік қызмет саласында «А» корпусы құрылды. «А» корпусы басқарушы лауазымдағы мемлекеттік қызметкерлерді даярлауға, жетілдіруге бағытталды.

Бұл жылы Қазақ Елінің кешенді халықаралық резервтері Ұлттық қордың валюталық активтерін қоса алғанда 90 миллиард долларға жетті. Бұл жылда бірқатар жоғары технологиялық өндіріс нысандары іске қосылды. Олардың қатарында Павлодар қаласында ашылған полимер өнімдерін шығаратын «Нефтехим LTD» ЖШС, Орал қаласындағы термоберік әйнек шығаратын «Әйнек-Сервис» ЖШС, Тараз қаласындағы күкірт қышқылын шығаратын «Казфосфат» ЖШС және т.б атауға болады. Қазақстан мен Түркіменстан арасындағы «Болашақ-Серхетяка» теміржол өткелі, «Қашаған» шикізатын қайта өңдеуді көздейтін Атырау облысындағы мұнай мен газды кешенді даярлау жөніндегі «Болашақ» зауыты сияқты шетелдіктермен бірлескен бірқатар жобалар да, сондай-ақ, үдемелі индустриалдық-инновациялық даму аясында 10 жаңа кәсіпорын іске қосылды.

(Деректер мен суреттер ашық интернет көздерінен алынды).

СТАТИСТИКА:

2013 жылы Президентің қатысуымен 700-ден астам протоколдық шаралар, халықаралық сипаттағы 170 кездесулер мен іс-шаралар өтті. Олардың ішінде екіжақты қарым-қатынас аясында дүниежүзілік 7 сапар, мемлекетаралық 9 саммит, 4 халықаралық форум бар. Елбасы республикамыздың 14 өңіріне 23 рет, шет елдерге 16 рет ресми сапарға шықты. Бір жыл ішінде барлығы 94 Заң қабылданып, 253 Жарлыққа қол қойылды. Президент бір жылда 6,8 мың құжаттарды қарап, қол қойған екен.

ДҮЙСЕНБІ
11 ҚАЗАН

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
6.30 Бақытты отбасы
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Sau bolashaq
10.15 Мультфильм
12.00 Киноклуб. Телесериал. Забудь и вспомни 11, 12 серия
14.00 Телесериал. Первая половина моей жизни 42 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 ТҰСАУКЕСЕР! Телехикая. Бақыттымын өзіңмен 9, 10 серия
16.30 Әсем әуен
17.30 Алматы кеші
18.30 Paragazzi
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда (тікелей эфир)
20.40 ТҰСАУКЕСЕР! Телехикая. Қызыл жебе 1, 2 серия
21.55 Телехикая. Қарлығаш ұя салғанда 11 серия
23.00 ТҰСАУКЕСЕР! Телехикая. Ғажайыпсың 1 серия
0.00 Әсем әуен
1.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости (повтор)
2.00 Басты назарда (қайталау)
2.30 Телехикая. Әр жерде сен 21 серия
3.15 Сәуле-ғұмыр
4.00 Дала сазы
4.30 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Ұлы дала дүбірі». Деректі фильм
6.20 «Күміс көмей». Ұлттық музыкалық-танымдық бағдарлама
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама.
10.00 AQPAPAT
10.10 «Ғашықтық дерті». Телехикая.
12.00 «Самалмен сырласу». Телехикая.
13.00 AQPAPAT
13.10 «Qyzyq eken...»
14.00 «ТЕЛЕДӨРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
16.05 «Қанатсыз құстар-2». Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.15 «QYZYQ EKEN...».
18.00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
Тікелей эфир.
21.30 «АҚЖАУЫН». Телехикая.
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23.30 «Қанатсыз құстар-2». Телехикая.
0.25 «Көңіл толқыны»
0.35 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ-2022. ІРІКТЕУ ТУРНИРИ. СЛОВЕНИЯ – РЕСЕЙ. Тікелей эфир
2.40 AQPAPAT
3.15 «Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.

4.05 «Ұлы дала дүбірі». Деректі фильм.
4.30 Әнұран



ХАБАР

6.00 ҚР Әнұраны
6.00 Хабарлайын
7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 «Бір туынды тарихы»
10.45 Әсем әуен
11.15 Телехикая. «Пәленшеевтер»
12.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Рауза. Сақураның гүлдеуі»
13.00 Телехикая. «Сырлы қала»
15.00 «Большая неделя». Прямой эфир
16.00 Российский сериал.
18.00 Мегахит.
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Тұсаукесер! «Бизнеске бағыт». Тікелей эфир
21.00 Итоги дня
21.30 Тұсаукесер! Телехикая. «Қақпан»
22.30 Премьера! «Национальный интерес с Ерланом Бекхожиным»
23.45 Российский сериал.
1.30 «Discovery. Как устроена Вселенная»
2.00 ҚР Әнұраны



31-KANAL

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия (қазақша)
06.50 Неге? (қазақша)
08.10 Ризамын (қазақша)
09.10 «Жазықсыз» кәріс телехикаясы (қазақша)
10.40 «Жанкешті ханымдар» телехикаясы (қазақша)
13.00 «Құзғын» түрік телехикаясы (қайталау) (қазақша)
14.00 What's up? (қазақша)
15.00 «Король обезьян» анимациялық фильмі (қайталау)
17.00 Экстрасенсы-детективы
18.10 Николас Кейдж «Призрачный гонщик 2» боевигінде (қайталау)
20.00 Информбюро (қазақша/орысша)
21.00 «Ворон» түрік телехикаясы
22.00 КИНО. Сильвестр Сталлоне «Убрать Картера» боевигінде
00.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қазақша)
01.30 Кел, татуласайық! (қазақша)
03.30 «В мире чудес» деректі циклы
04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қазақша)
05.30 Ризамын (қазақша)



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» бағдарламасы
7.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
11.00 «РУССКИЕ ГОРКИ». Семейная сага
12.00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 «112». Тікелей эфир
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»

19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасының тұсаукесері
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 Дмитрий Паламарчук в многосерийном фильме «РЕАЛИЗАЦИЯ»
1.10 Ночной кинотеатр. «ЛУЧШИЕ ВРАГИ»
2.15 «ДВЕ СУДЬБЫ-2». Многосерийный фильм
3.25 «112» бағдарламасы
3.40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4.05 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» бағдарламасы
До 04.50



7-KANAL

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN» таңғы бағдарламасы
09.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 Х/с «Снег и пепел»
14.00 Т/х «Гудия»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
16.00 Т/с «Тайны госпожи Кирсановой»
17.10 Х/с «Родком»
17.50 Т/с «Три в одном»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Герой по вызову»
21.40 Премьера! Т/х «Ағайындылар»
23.00 Т/х «Тойхана»
00.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
01.10 Х/ф «Знамение»
03.10 Т/х «Ағайындылар»
04.20 Т/х «Тойхана»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ», түрік телехикаясы.
08.00 «ЖУРНАЛИСТ», өзбек телехикаясы.
09.00 «ВТОРАЯ МОЛОДОСТЬ», мелодрама (повтор)
11.20 «ДЕВУШКА С ГЛАЗАМИ ЦВЕТА НЕБА», мелодрама (повтор)
15.45 «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ», криминальная мелодрама.
17.00 «ӘУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ВСЕ МОГЛО БЫТЬ ИНАЧЕ», мелодрама.
00.10 «БОЕЦ», остросюжетный детектив.
01.50 «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ», криминальная мелодрама (повтор)
02.40 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.25 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ»
04.10-
04.40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 ТЕННИС. АТР-250. «ASTANA OPEN»
8.45 Арнайы репортаж
9.00 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. 3 орын үшін матч

11.10 «Дәстүрлі спорт түрлерінің ізімен». 4-бөлім. Деректі фильм
11.45 БАСКЕТБОЛ. ВТБ. «Нижний Новгород» – «Астана»
13.45 Специальный репортаж
14.00 ХОККЕЙ. КХЛ. «Барыс» (Нұр-Сұлтан) – «Ак Барс» (Казань)
16.30 «Жаңа федерация. Алғашқы жарыс». Арнайы репортаж
16.45 Предматчевая пресс-конференция матча отборочного раунда Чемпионата мира 2022. Қазақстан – Финляндия. Тікелей эфир
17.05 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. 7-8 орындар үшін. «Ертіс» – «Ару-Астана» (Әйелдер)
18.40 «Карагөз шеберлері елордада бас қосты». Арнайы репортаж
19.00 Предматчевая пресс-конференция матча отборочного раунда Чемпионата мира 2022. Қазақстан – Финляндия. Тікелей эфир
19.20 Арнайы репортаж
19.40 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. 4 тур «Буревестник» – «Есіл» (Ерлер)
21.50 ФУТБОЛ. 2022 жылғы Әлем Чемпионатына іріктеу турнирі. Кипр – Мальта. Тікелей эфир
0.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
0.35 ФУТБОЛ. 2022 жылғы Әлем Чемпионатына іріктеу турнирі. Хорватия – Словакия. Тікелей эфир
2.40 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
7.30 «Супер әке» Мультхикая.
8.30 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
8.50 Анимация. Отандық / «Глобус»
9.20 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
9.30 Анимация. Отандық / «Сәби»
10.10 Тұсаукесер! «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық / «Сақалар»
11.20 «Расулдың хикаялары» ситкомы
11.45 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
12.15 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
12.45 Анимация. Отандық / «Маржан тіс»
13.20 Тұсаукесер! «Горм сақшылары» Мультхикая.
13.40 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
14.00 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
14.10 Тұсаукесер! «Турбозаврлар» Мультхикая.
14.35 «Үздік қойылым» телехикаясы

15.10 «Айгөлек» музыкалық бағдарламасы
15.20 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.30 «Өнертапқыш» танымдық жобасы
15.40 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
15.50 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
16.10 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
16.35 «Супер әке» Мультхикая.
17.35 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
17.55 Анимация. Отандық / «Глобус»
18.25 Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
18.50 DISNEY ұсынады. «Шебер Мэнни» Мультхикая.
19.10 Тұсаукесер! «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
19.35 Анимация. Отандық / «Сәби»
20.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
21.00 «Расулдың хикаялары» ситкомы
21.25 Тұсаукесер! «Горм сақшылары» Мультхикая.
21.45 Анимация. Отандық / «Маржан тіс»
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
22.55 Тұсаукесер! «Турбозаврлар» Мультхикая.
23.20 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
23.30 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

06.05 Сүбелі сөз (Қазақша) – сұхбат
06.40 Рухани байлық
07.30 Syrym story
08.10 Ой-талқы
09.00 «Tәтті time» – Аспаз уақыты
09.40 Dara til
10.10 Қалақай
10.30 «Саморазвитие» – Маржан коуч
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.20 Қазақ спортының классикасы
13.10 Ем болсын
13.20 Абайдың жолы
14.00 Ем болсын
14.10 Тәлім history
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» – Қайталау
16.00 «Үлкен үй-1» – телехикая
17.00 Ем болсын
17.10 «Summary 100 кітап»
17.30 Ем болсын
17.50 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Кешкі әңгіме
19.10 Емен-жарқын
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе» – Тікелей эфир
21.00 «Үлкен үй-1» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 Проза параграфы
23.00 «Менің анам, менің әкем» – Ата-ана туралы сыр
23.30 «По душам» – Психологиялық бағдарлама



СЕЙСЕНБІ 12 ҚАЗАН

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Мультфильм
12.00 Телесериал. Отражение радуги 1, 2 серия
14.00 Өмір иірімі
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 ТҰСАУКЕСЕР! Телехикая. Қызыл жебе 1, 2 серия
16.30 ТҰСАУКЕСЕР! Телехикая. Ғажайыпсың 1 серия
17.30 Алматы кеші
18.30 Алматинские каникулы
18.45 Crime time
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Akimat live (прямой эфир)
20.40 ТҰСАУКЕСЕР! Телехикая. Қызыл жебе 3, 4 серия
21.55 Телехикая. Қарлығаш ұя салғанда 12 серия
23.00 ТҰСАУКЕСЕР! Телехикая. Ғажайыпсың 2 серия
0.00 Әсем әуен
0.50 Crime time
1.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости (повтор)
2.00 Akimat live (повтор)
2.35 Телехикая. Әр жерде сен 22 серия
3.20 Обо всем без купюр
3.50 Дала сазы
4.20 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Ұлы дала дүбірі». Деректі фильм.
6.25 AQPAPAT
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама.
10.00 AQPAPAT
10.10 «Ғашықтық дерті». Телехикая.
12.00 «Ақжауын». Телехикая.
13.00 AQPAPAT
13.10 «Qyzyq eken...». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.10 «Másele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама.
15.50 «Алтын бесік». (1-бағдарлама)
16.05 «Қанатсыз құстар-2». Телехикая.
17.00 AQPAPAT
17.15 «QYZYQ EKEN...». Телехикая.
18.00 «ҒАШЫҚТЫҚ ДЕРТІ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
21.30 «АҚЖАУЫН». Телехикая.
22.30 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая.
23.30 «Қанатсыз құстар-2». Телехикая.
0.25 «Көңіл толқыны»
0.35 ФУТБОЛ. ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ-2022. ІРІКТЕУ ТУРНИРИ. УКРАИНА – БОСНИЯ ЖӘНЕ ГЕРЦЕГОВИНА. Тікелей эфир
2.40 AQPAPAT
3.15 «Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
4.05 «Алтын бесік».
4.20 Әнұран

ХАБАР

- 6.00 ҚР Әнұраны
6.00 Хабарлайын
7.00 Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10.00 «Бір туынды тарихы»
10.45 Әсем әуен
11.15 Телехикая. «Пәленшеевтер»
12.00 Тұсаукесер! Телехикая. «Қақпан»
13.00 Телехикая. «Сырлы қала»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Российский сериал.
18.00 Мегахит.
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Тұсаукесер! «Тарих айнасы»
21.00 Итоги дня
21.30 Тұсаукесер! Телехикая. «Қақпан»
22.20 Телехикая. «Пәленшеевтер»
23.15 Российский сериал.
1.15 «Discovery. Как устроена Вселенная»
2.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия (қазақша)
06.50 Информбюро (қайталау)
07.50 Ризамын (қазақша)
09.20 «Жазықсыз» кәріс телехикаясы (қазақша)
10.50 «Жанкешті ханымдар» телехикаясы (қазақша)
13.00 «Құзғын» түрік телехикаясы (қайталау) (қазақша)
14.00 What's up? (қазақша)
14.40 «Пенсильвания» детективті телехикаясы
17.00 Экстрасенсы-детективы
18.00 КИНО. Лиам Нисон «Честный вор» триллерінде (қайталау)
19.55 Zeinet.kz
20.00 Информбюро (қазақша/орысша)
21.00 Түрік телехикаясы «Ворон»
22.00 КИНО. Жан-Клод Ван Дамм «Колония» боевикінде
00.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қазақша)
01.30 Кел, татуласайық!
03.30 «В мире чудес» деректі циклы
04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қазақша)
05.30 Ризамын (қазақша)

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» бағдарламасы
7.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
11.00 «РУССКИЕ ГОРКИ». Семейная сага
12.00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 «112». Тікелей эфир
14.30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ» бағдарламасының тұсаукесері
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 Дмитрий Паламарчук в многосерийном фильме «РЕАЛИЗАЦИЯ»

- 1.10 Ночной кинотеатр. «ЛУЧШИЕ ВРАГИ»
2.15 «ДВЕ СУДЬБЫ-2». Многосерийный фильм
3.25 «112» бағдарламасы
3.40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4.05 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...» бағдарламасы
До 04.50



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN» таңғы бағдарламасы
09.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 Т/с «Три в одном»
11.15 Х/с «Герой по вызову»
14.00 Т/х «Гудия»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
16.00 Т/с «Тайны госпожи Кирсановой»
17.10 Премьера! Х/с «Родком»
17.50 Т/с «Три в одном»
19.00 Вечерняя программа «Студия 7»
19.30 Х/с «Герой по вызову»
21.40 Т/х «Ағайындылар»
23.00 Т/х «Тойхана»
00.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
01.10 Т/с «Тайны госпожи Кирсановой»
02.20 Скетчком «Q-елі»
03.10 Т/х «Ағайындылар»
04.20 Т/х «Тойхана»
05.10 Т/п «Қуырдақ»



KTK

- 07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ», түрік телехикаясы.
08.20 «ЖУРНАЛИСТ», өзбек телехикаясы.
09.20 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.00 «БЫЛО ДЕЛО»
10.40 «БОЕЦ», остросюжетный детектив (повтор)
13.10 «ВСЕ МОГЛО БЫТЬ ИНАЧЕ», мелодрама (повтор)
15.45 «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ», криминальная мелодрама.
17.00 «ОУЛЕТТЕР ТАРТЫСЫ». Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ВСЕ МОГЛО БЫТЬ ИНАЧЕ», мелодрама.
00.10 «БОЕЦ», остросюжетный детектив.
01.50 «СТАРШИЙ СЛЕДОВАТЕЛЬ», криминальная мелодрама (повтор)
02.40 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
03.25 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ»
04.10-
04.40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 7.00 Әнұран
7.05 «Каратэ шеберлері елордада бас қосты». Арнайы репортаж
7.20 ТЕННИС. АТР-250. «AS-TANA OPEN»
9.10 «ИСПЫТАНО НА СЕБЕ»
9.25 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Финал
11.30 ФУТБОЛ. УЕФА Конференция және Еуропа Лигасының шолуы
12.20 Арнайы репортаж

- 12.35 ФУТБОЛ. 2022 жылғы Әлем Чемпионатына іріктеу турнирі. Словения – Россия
14.30 «Дәстүрлі спорт түрлерінің ізімен». 5-бөлім. Деректі фильм
15.05 ЕРКІН КҮРЕС. Әлем чемпионаты. Жартылай финал (-57, -65, -79, -92 кг)
16.05 Арнайы репортаж
16.20 ФУТБОЛ. Матч қарсаңында. Студиялық бағдарлама. Тікелей эфир
16.50 ФУТБОЛ. ЕУРО-2023 іріктеу матчы. Қазақстан – Түркия. Тікелей эфир
19.00 Арнайы репортаж
19.20 ФУТБОЛ. Матч қарсаңында. Студиялық бағдарлама. Тікелей эфир
19.50 ФУТБОЛ. 2022 жылғы Әлем Чемпионатына іріктеу турнирі. Қазақстан – Финляндия. Тікелей эфир
21.55 ФУТБОЛ. Итоги матча. Студийная программа. Прямой эфир
22.25 ВОЛЕЙБОЛ. Қазақстан Чемпионаты. 4 тур «Маңғыстау» – «Атырау» (Ерлер)
0.35 ФУТБОЛ. 2022 жылғы Әлем Чемпионатына іріктеу турнирі. Дания – Австрия. Тікелей эфир
2.40 «Жаңа федерация. Алғашқы жарыс». Арнайы репортаж
Әнұран

balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
7.30 «Супер әке» Мультхикая.
8.30 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
8.50 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
9.00 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
9.10 Анимация. Отандық / «Әсем әуен»
9.30 Анимация. Отандық / «Сәби»
10.10 Тұсаукесер! «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
10.35 Анимация. Отандық / «Сақалар»
11.20 «Расулдың хикаялары» ситкомы
11.40 Тұсаукесер! «Кітап қана» танымдық бағдарламасы
11.50 Анимация. Отандық / «Ақылды тентектер»
12.15 Анимация. Отандық / «Суперкөлік Самұрық»
12.45 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
13.20 Тұсаукесер! «Горм сақшылары» Мультхикая.
13.40 Анимация. Отандық / «Еркелер»
14.00 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
14.10 Тұсаукесер! «Турбозаврлар» Мультхикая.
14.35 «Үздік қойылым» телехикаясы
15.10 «Айгөлек» музыкалық бағдарламасы
15.20 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»

- 15.30 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
15.40 Анимация. Отандық / «Қызғалдақтар мекені»
15.50 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
16.10 «Күн сәулелі көжектер» Мультхикая.
16.35 «Супер әке» Мультхикая.
17.35 Анимация. Отандық / «Су астындағы оқиға»
17.55 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
18.25 Анимация. Отандық / «Бетперделі батыр»
18.50 DISNEY ұсынады. «Шебер Мәнни» Мультхикая.
19.10 Тұсаукесер! «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
19.35 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
19.45 Анимация. Отандық / «Сәби»
20.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
20.30 Тұсаукесер! «Кітап қана» танымдық бағдарламасы
20.40 «Расулдың хикаялары» ситкомы
21.15 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
21.25 Тұсаукесер! «Горм сақшылары» Мультхикая.
21.45 Анимация. Отандық / «Еркелер»
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 Анимация. Отандық / «Бұзығым»
22.35 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
22.45 Тұсаукесер! Анимация. Отандық / «Сарбаздар»
22.55 Тұсаукесер! «Турбозаврлар» Мультхикая.
23.20 Анимация. Отандық / «Қызғалдақтар мекені»
23.30 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

- 06.05 Сүбелі сөз (Қазақша) – сұхбат
06.40 Рухани байлық
07.30 Балалық шаққа саяхат
08.10 Ғибадатты ғұмырлар
09.00 Talim Speakers
09.40 Repost times
10.10 «Шам түбіндегі ертегі» – Балалар уақыты
10.30 Orkeni style
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.20 Қазақы әңгіме
13.10 Ем болсын
13.20 Қышқыл – мысқыл
14.00 Ем болсын
14.10 Қазақ спортының классикасы
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» – Тікелей эфир
16.00 «Үлкен үй-1» – телехикая
17.00 Ем болсын
17.10 Тамашаліке
17.30 Ем болсын
17.50 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Кешкі әңгіме
19.10 Өнер қырандары
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе» – Тікелей эфир
21.00 «Үлкен үй-1» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 Айтыстар.
Алтын қор.
23.00 Семейный доктор
23.30 Әжемнің әңгімесі

СӘРСЕНБІ
13 ҚАЗАН

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
7.00 Crime time
7.10 Әсем әуен
8.00 Таңғы студио
10.00 Sau bolashaq
10.15 Мультфильм
12.00 Телесериал. Отражение радуги 3, 4 серия
14.00 Өмір иірімі
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 ТҰСАУКЕСЕР! Телехикая. Қызыл жебе 3, 4 серия
16.30 ТҰСАУКЕСЕР! Телехикая. Ғажайыпсың 2 серия
17.30 Алматы кеші
18.30 Бақытты отбасы
2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Русские горки». Многосерийный фильм (16+)
19.20	Премьера сезона. «Док-ток» (16+)
20.15	«Вечерний Ургант» (16+)
20.50	К 95-летию Никиты Михомяна. Премьера. «Его Величество Футбол» (12+)
21.45	«Время покажет» (16+)

0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.00	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Виктория Тарасова, Сергей Гурьев, Антон Батырев, Георгий Тополага в детективном сериале «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЁРТАЯ». «Кто, если не мы?», «Несломленные» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЁРТАЯ». «Несломленные» (продолжение), «Братья», «Последний раунд».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	Премьера. «За гранью».
17.35	«ДНК».
18.40	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Прощай, оружие» (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Прощай, оружие» (продолжение).
21.35	Премьера. Александр Устюгов, Владимир Верёвочкин, Геннадий Смирнов, Владимир Селезнёв в остросюжетном сериале «МЕТОД МИХАЙЛОВА». «Огнгестрел», «Тюремный трюк».
23.40	«Основано на реальных событиях». «Созвездия рака. Битва со смертью». 2-я серия.
0.30	«Сегодня».
0.40	Алексей Нилов, Максим Дахненко, Лукерья Ильяшенко, Сергей Волков в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ». 3-я и 4-я серии.
2.45	Яков Шамшин, Кирилл Полухин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ-2». «Бытовой конфликт», «Терминал», «Контракт», «Скорость».

СӘРСЕНБІ
13 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Русские горки». Многосерийный фильм (16+)
19.20	Премьера сезона. «Док-ток» (16+)
20.15	«Вечерний Ургант» (16+)
20.50	«Савелий Крамаров. Смешной до слез» (12+)
21.45	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.00	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Виктория Тарасова, Сергей Гурьев, Антон Батырев, Георгий Тополага в детективном сериале «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЁРТАЯ». «Козырной туз», «Маски» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ПЯТНИЦКИЙ. ГЛАВА ЧЕТВЁРТАЯ» (продолжение)
13.00	«Маски», «Дэн».
13.25	«Сегодня».
14.00	«Чрезвычайное происшествие».
16.00	«Место встречи».
16.30	«Сегодня».
17.35	Премьера. «За гранью».
18.40	«ДНК».
18.40	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ

19.00	ЗЕМЛЯ». «Генеральская дочь» (начало).
19.45	«Сегодня».
21.35	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Генеральская дочь» (продолжение).
23.40	Премьера. Александр Устюгов, Владимир Верёвочкин, Геннадий Смирнов, Владимир Селезнёв в остросюжетном сериале «МЕТОД МИХАЙЛОВА». «Белая горячка», «Гимнастка».
0.30	«Основано на реальных событиях». «Созвездия рака. Битва со смертью». 3-я серия.
0.45	«Сегодня».
1.00	«Поздников».
3.05	Алексей Нилов, Максим Дахненко, Лукерья Ильяшенко, Сергей Волков в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ». 5-я и 6-я серии.
5.30	Яков Шамшин, Кирилл Полухин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ-2». «Репутация», «Банда», «Гвоздь».
	«Эксклюзив».

БЕЙСЕНБІ
14 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Русские горки». Многосерийный фильм (16+)
19.20	«Большая игра» (16+)
20.15	«Вечерний Ургант» (16+)
20.50	«Михаил Козаков». «Разве я не гениален?!» (12+)
21.45	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.00	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Владимир Фекленко, Юлия Самойленко, Виктория Тарасова, Сергей Гурьев в сериале «ОТДЕЛ».
10.00	«По праву» (начало).
10.25	«Сегодня».
13.00	Сериал. «ОТДЕЛ». «По праву» (продолжение), «Пятницкий».
13.25	«Сегодня».
14.00	«Чрезвычайное происшествие».
16.00	«Место встречи».
16.30	«Сегодня».
17.35	Премьера. «За гранью».
18.40	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Женская дружба» (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Женская дружба» (продолжение).
21.40	Премьера. Александр Устюгов, Владимир Верёвочкин, Геннадий Смирнов, Владимир Селезнёв в остросюжетном сериале «МЕТОД МИХАЙЛОВА».
23.4	«Профессор знает лучше», «Эхо войны».
0.35	«Основано на реальных событиях». «Созвездия рака. Битва со смертью». 4-я серия.
0.50	«Сегодня».
1.20	«ЧП. Расследование».
1.50	«Захар Прилепин. Уроки русского».
3.55	Алексей Нилов, Максим Дахненко, Лукерья Ильяшенко, Сергей Волков в остросюжетном сериале «ВЫСОКИЕ СТАВКИ. РЕВАНШ». 7-я и 8-я серии.
5.25	Яков Шамшин, Кирилл Полухин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ-2». «Свобода», «Расплата».
	«Александр Журбин. Мелодии на память».

ЖҰМА
15 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«Человек и закон» с Алексеем Пимановым (16+)
16.50	«Поле чудес» (16+)
18.00	«Время»
18.30	«Три аккорда» (16+)
19.55	«Вечерний Ургант» (16+)
20.45	Премьера. Документальный фильм «Феллини и духи» (16+)
22.20	Камиль Ларин, Зоя Бербер, Сергей Аброскин, Наталья Рудова в комедии «Счастья! Здоровья!» (16+)
23.45	Алексей Гуськов, Сергей Маковецкий, Ирина Розанова, Юлия Рутберг в фильме «Неверность» (12+)
1.15	«Наедине со всеми» (16+)
1.55	«Модный приговор» (6+)

	НТВ-МИР
6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Борис Покровский, Александр Бобров, Алексей Воробьёв, Максим Аверин, Денис Рожков, Виктория Тарасова в детективном сериале «ОТДЕЛ». «Страшные лейтенанты» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «ОТДЕЛ». «Страшные лейтенанты» (окончание), «Снова новый».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.30	«ДНК».
17.40	«Жди меня».
18.35	Олег Штефанко, Анна Большова, Алексей Булдаков, Нина Гогаева в детективном сериале «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Живой труп» (начало).
19.00	«Сегодня».
19.45	Сериал. «ЛЕСНИК. СВОЯ ЗЕМЛЯ». «Живой труп» (продолжение).
21.35	Премьера. Александр Устюгов, Владимир Верёвочкин, Геннадий Смирнов, Владимир Селезнёв в остросюжетном сериале «МЕТОД МИХАЙЛОВА». «Пятница, 13», «Заложники».
23.35	«Своя правда» с Романом Бабаяном.
1.30	«Мы и наука. Наука и мы».
2.25	Яков Шамшин, Кирилл Полухин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ-2». «Груз», «Правильное решение», «Ультиматум».
5.45	«Дикий мир» с Тимофеем Баженовым.

СЕНБІ
16 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро. Суббота» (6+)
6.05	«Умницы и умники» (12+)
6.45	«Слово пастыря» (6+)
7.00	Новости
7.30	«На дачу!» с Наташей Барбье (6+)
8.20	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.05	«Видели видео?» (6+)
10.45	«ТилиТелеТесто» с Ларисой Гузеевой (6+)
12.05	«Три богатыря и наследница престола». Анимационный фильм (6+)
13.30	«Кто хочет стать миллионером?» с Дмитрием Дибровым (12+)
14.50	«Ледниковый период». Новый сезон (6+)
18.00	«Время»
18.20	«Сегодня вечером» (16+)
19.50	Ко дню рождения Александра Галича. «Когда я вернусь...» (12+)
21.35	«Иван Дыховичный. Вдох-выдох» (12+)
22.30	Антонио Бандерас, Милош Бикович, Евгений Стычкин,

0.20	Юрий Чурсин в фильме «За гранью реальности» (16+)
	Виктория Исакова, Алексей Макаров, Марина Зубанова в фильме «Требуется няня» (16+)

НТВ-МИР

6.10	Владимир Фекленко, Светлана Брюханова, Алексей Моисеев, Александр Воеводин в детективном сериале «МУХТАР. НОВЫЙ СЛЕД». «Баллада о бандите», «Кирпичи».
8.00	«Сегодня».
8.20	«Смотр».
8.55	«Поедем, поедим!»
9.35	«Готовим с Алексеем Зиминным».
10.00	«Сегодня».
10.20	Эдуард Флёров, Александра Комиссарова, Руслан Корнеков, Антон Филипенко в сериале «АГЕНТСТВО СКРЫТЫХ КАМЕР». «Молодо-зелено», «Справедливость».
11.35	«Главная дорога».
12.15	«Живая еда» с Сергеем Малозёмовым».
13.10	«Квартирный вопрос».
14.15	«Своя игра».
16.00	«Сегодня».
16.20	«Следствие вели...»
18.05	«По следу монстра».
18.58	«Центральное телевидение» с Вадимом Такменёвым.
20.25	Премьера. «Шоумаскигоон».
23.00	«Ты не поверишь!»
0.00	«Международная пилорама» с Тиграном Кеосаяном.
0.45	«Квартирник НТВ у Маргулиса». «Bili s band».
2.15	Яков Шамшин, Кирилл Полухин, Вячеслав Аркунов, Иван Васильев в детективном сериале «ДОЗНАВАТЕЛЬ-2». «Операция», «Семья», «Полицейский» (заклчительная серия).
4.55	«Прокурорская проверка».

ЖЕКСЕНБІ
17 ҚАЗАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.50	Любовь Толкалина, Александр Лазарев в многосерийном фильме «Поздний срок» (16+)
3.00	Новости
3.10	«Поздний срок» (16+)
4.45	«Играй, гармонь любимая!» (12+)
5.20	«Часовой» (12+)
5.50	«Здоровье» (16+)
6.45	«Непутёвые заметки» с Дм. Крыловым (12+)
7.00	Новости
7.35	Жанна Бадоева в проекте-путешествии «Жизнь других» (12+)
8.20	«Вызов. Первые в космосе» (12+)
9.00	Новости
9.15	«Вызов. Первые в космосе» (12+)
10.40	«Иван Царевич и Серый Волк-3». Анимационный фильм (6+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.20	«Видели видео?» (6+)
14.25	«Док-ток» (16+)
15.20	«Три аккорда» (16+)
16.40	Шоу Максима Галкина «Лучше всех!». Новый сезон (6+)
18.00	«Время»
19.00	«Что? Где? Когда?» Осенняя серия игр (16+)
20.00	Спасая Францию. Ламбер Вильсон в фильме «Генерал Де Голль» (16+)
21.50	Владимир Познер и Иван Ургант в проекте «Германская головоломка» (18+)
22.40	Артур Смольянинов, Юрий Стоянов, Кирилл Каганович, Роман Курцын, Данила Якушев в фильме «Всё или ничего» (16+)
0.15	«Модный приговор» (6+)
1.05	«Давай поженимся!» (16+)

НТВ-МИР

6.05	«У нас выигрывают!» Лотерейное шоу.
8.00	«Сегодня».
8.20	Сериал «ЭТАЖ». «Будем знакомы», «Битва, но не война».
9.30	«Едим дома».
10.00	«Сегодня».
10.20	«Медицинские тайны».
10.35	«Первая передача».
11.05	«Чудо техники».
12.00	«Дачный ответ».
13.05	«НашПотребНадзор».
14.05	«Однажды...»
15.00	«Кремлёвские похороны».
16.00	«Серго Орджоникидзе».
16.20	«Сегодня».
18.05	«Следствие вели...»
19.00	«Новые русские сенсации».
20.10	«Итоги недели» с ИраидойЗейналовой.
20.50	Премьера. «Ты супер».
23.00	«Секрет на миллион».
0.55	«Звёзды сошлись».
2.20	Сериал «ГОНЧИЕ». «Гонка за лидером».



ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Айнұр
СЕНБАЕВА

«Жылжымайтын мүлікті кім сыйға тарта алады?». «Сыйға алынған мүлікті сатуға бола ма?». «Сыйға тартылған пәтерді қайта қайтарып алу мүмкін бе?».

ТАҚЫРЫПҚА ТҮЗДЫҚ

Венетта ИМАНҚҰЛОВА,
нотариус қызметкері:СЫЙҒА БЕРУ ҮШІН ДЕ
САУАТТЫЛЫҚ КЕРЕК

– Жылжымайтын мүлікті сыйға тарту қаншалықты жиі жүзеге асырылады?

– Өмір болған соң түрлі жағдайлар болып жатады ғой. Азаматтардың меншігіндегі жылжымайтын мүлігін екінші біреуге сыйға тартуы тәжірибемізде кездеседі. Бұл қызмет түрінің өзіндік ерекшеліктері бар. Көп адамдар мүлікті сыйға тартудың кейбір тұстарын жетік білмегендіктен сату, сатып алу шартын жиі жасасады.

– Тұрғын үйді сыйға тарту құжаттарын рәсімдеудегі ерекшеліктерін айтып өтсеңіз...

– Жылжымайтын мүлікті сыйға тарту және алу мәмілесін көмелет жасқа толған Қазақстан азаматтары жасаса алады. Ал егер мәмілені 14 жастан асқан, бірақ 18 жасқа толмаған жасөспірім жасаса, онда қамқоршысының немесе қамқоршылық органдарының рұқсаты керек. Жылжымайтын мүлікті сыйға тарту шартын 14 жасқа дейінгі балалар мен ақыл-есі кем азаматтардың заңды өкілдері жасаса алмайды. Емдеу, тәрбиелеу, әлеуметтік қорғау қызметкерлері мен олардың туыстарына жылжымайтын мүлікті сыйға тартуға заң тыйым салған. Бұл қатарда мемлекеттік қызметкерлер мен олардың туыстары да бар.

ӘЛЕУМЕТ

Берешекті өтеуге
мүмкіндікНұржамал
ӘЛШЕВА

Жуырда Алматыда алимент бойынша берешегі бар жұмыссыз жандарға арналған бос орындар жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкені ұйымдастырушылар – Алматы қаласы Әділет департаменті, қалалық Жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы,

қалалық Прокуратура өкілдерінің қолдауымен қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығы.

Бүгінгі таңда Алматы қаласы бойынша алимент бойынша 12 177 атқарушылық іс жүргізу тіркелген.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің мақсаты – жұмыс беруші

мен жұмыс іздеуші арасында тікелей байланыс орнатып, сол арқылы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу. Бұл бағытта аталған орталықтың Тұрақты жұмыс орындары бөлімінің мамандары жұмыс берушілермен және жұмыс іздеп жүрген тұрғындармен түсіндіру-кеңес беру жұмыстарын да жүйелі түрде жүргізіп отырады.

Жәрмеңкеде екі тарап, яғни жұмыс берушілер мен жұмыссыз азаматтар бір-бірімен кездесуге мүмкіндік алып, тікелей диалог орнатып, өздері іздеп жүрген мамандықтар аясындағы бос орындармен танысты. Сонымен қатар, бүгінгі нарықтың заманауи талаптары туралы кеңірек білді. Іздеушілерге бағдарлам ретінде «Еңбек» бағдарламасының бағыттары туралы ақпараттар жазылған буклеттер таратылды.

Бос орындар жәрмеңкесіне алимент бойынша 200-ден астам борышкер, сондай-ақ, Алматы бойынша пробацация қызметінде есепте тұрған жұмыссыз азаматтар қатысты. 30-ға жуық компания бос орындар ұсынды. Олардың ішінде еліміздегі ең ірі құрылыс компаниялары, өнеркәсіптік кәсіпорындар бар. Жәрмеңкеге кезінде 25 түйін-деме қабылданды. Жұмысқа тұруға 20 жолдама берілді.

«ҮЙІ БАРДЫҢ КҮЙІ БАР»

Үйді сыйға тартқанда немесе алғанда
нені ескеру керек?

КЕРЕК ДЕРЕК

Мүлікті сыйға тарту шартын жасасу үшін қажет құжаттар:

- Екі тараптың жеке басын куәландыратын құжаттары (жеке куәлік).
- Жылжымайтын мүлікті растайтын құқықтық құжаттар. Бұл құжаттарға сатып алу, сату шарты жатады. Егер үйді кезінде айырбастап алған болсаңыз немесе мұрагерлікпен иеленген мүлік болса, оны растайтын құжат болуы керек.
- Тұрғын үйдің техникалық паспорты және мемлекеттік акт.

Сыйға тарту шартын жасап беру қызметтері ақылы екенін ескерген жөн. Жылжымайтын мүлікті нотариалдық рәсімдеу үшін туыстық қатынасы бар тұлғалар 7 айлық есептік көрсеткіш көлемінде (бір айлық есептік көрсеткіш 2917 теңге) төлем төлейді. Бұл санатқа балаңыз, жұбайыңыз, ата-ана мен бауырларыңыз кіреді. Міндетті түрде туыстық қарым-қатынасты растайтын құжат болуы керек. Ал

өзге тұлғалар үшін бұл қызметтің түрі 12 айлық есептік көрсеткішке тең болады. Егер мәміле жасаушы екі тарапта да мүмкіндігі шектеулі жандар немесе ҰОС ардагерлері болса, онда нотариустың қызметіне ақы төлемейді. Екі тараптың бірі бұл санатқа жатпаса, онда төлем сол адамдарға жүктеледі. Тағы бір ескеретін жәйт, сыйға тарту шартын жасасқанда мемлекетке ешқандай салық төленбейді.

шартында үйдің құны көрсетілмейді. Сондықтан үйді алған тарап үйді сатуына болады. Ал үйді сатып алған үшінші тарап бір жылға жетпей сататын болса, тұрғын үйдің үстінен көрген пайдасына мемлекетке салық төлейді. Мысалы, үйді сыйға алған тарап үшінші біреуге үйін 20 миллионға сатты делік. Ал үйді алған үшінші тарап 1 жылға жетпей үйді 21 миллионға тағы біреуге сатса, ол үстіндегі 1 миллион үшін 10 пайыз салық төлейді.

– Сыйға берілген мүліктен бас тартуға бола ма?

– Әрине, болады. Егер сыйға беру келісімшарты заңды тіркелген болса, сыйлықты алудан бас тарту да мемлекеттік тіркеуден өтеді.

– Егер атасы немересіне жылжымайтын мүлкін бергісі келсе, сыйға беру келісімшартын жасау керек пе, әлде бұл мұрагерлік болып санала ма?

– Заңгерлер бір ғана тұрғын үйі бар егде тартқан адамдарға өзінің мүлкін туысына сыйға бергеннен гөрі рента шартын жасауға кеңес береді. Яғни карт адамның үйін иеленуші тарап сол адам өмірден өткенше оған қамқор болуға, асырауға міндетті болуы тиіс.

– Нотариусқа жүгінбей-ақ, сыйға тарту келісімшартын жасауға бола ма?

– Бүгінде кейбір адамдар ғаламтор желілерінен мүлікті сыйға беру шартының дайын үлгісін тауып, өздері келісім жасап жатады. Дегенмен, келісімшартты мүліктің көлеміне, құнына байланысты нотариус арқылы бекітуіне тура келеді. Негізгі кез келген құжатты нотариус арқылы рәсімдеген дұрыс.

БАКАНСИЯ



«Caspian beverage Holding» ЖШС-ға:
– экспедитор-жүргізушілер;
– логистер;
– жүк тиеушілер;
– тазалықшылар;
– аула сыпырушы керек.
Тел.: 8 (727) 258-39-09, Гоголь көшесі, 221-үй.

«Royal-food» компаниясына:
– есепші;
– кадрлар бөлімінің маманы;
– электриктер;
– сантехниктер;
– қаптаушылар;
– жүк тиеуші;
– операторлар керек.
Тел.: 8 776 296 88 88.

«Жолашар» ЖШС-ның ТЖ сервисіне:
– электриктер;
– сантехниктер;
– пойыз құрастырушысы керек.
Тел.: 8 707 480 24 48.

«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

Нұрмақов көшесі, 1/1.

«Торгстрой» ЖШС-ға:
– жүк тиеушілер;
– танбалаушы;
– слесарь керек.
Тел.: 8 747 701 90 16.

«Alser computers» ЖШС-ға:
– сатушы-кассир;
– жүргізуші курьер;
– call-center операторы;
– жүк тиеуші керек.
Тел.: 8 702 770 00 50.
Сүйінбай даңғылы, 2-үй.

«Той Март» супермаркетіне:
– сатушылар;
– кассирлер;
– жүк тиеушілер;
– операторлар;
– қаптаушылар;
– тазалықшылар;
– арбашылар керек.
Тел.: 8 708 711 82 90.
Розыбакиев көшесі, 4-үй.

«Қорғау-plus' А» ЖШС-ға:

– күзетшілер қажет.
Тел.: 8 771 300 47 20,
Бөгенбай батыр көшесі, 256 А.

«Жедел күзет» ЖШС-ға:
– күзетшілер керек.
Тел.: 8 707 111 74 07.

«Рахат Палас» қонақүйіне:
– қоймашылар;
– жүк тиеушілер;
– даяшылар;
– тазалықшылар керек.
Тел.: 8 701 884 88 28.
Сәтбаев көшесі, 29/6.

«Fresh and clean» клинингтік компаниясы:
– тазалықшылар іздейді.
Тел.: 8 707 160 00 16.
Васнецов көшесі, 6-үй.

**СӘТТІЛІК
СЕРПІНІЗ
БОЛСЫН!**



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметкердің басты міндеті – туған Отаны мен халқына адал қызмет етумен бағаланады. «Басты міндет – елге қызмет» деген мазмұны терең міндеті жауапты сөзді еске сала отырып, мемлекеттік қызметші деген абыройлы атаққа үнемі лайықты болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметші деп мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаражатынан ақы төленетін лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» стратегиялық құжатында елімізде кәсіби мемлекеттік аппарат құру қажеттігін атап өтті. Аталған жұмысты жалғастыру үшін ең біріншіден, барлық мемлекеттік органдарда қызмет істейтін мемлекеттік қызметшілердің білімі мен біліктілігін арттыру қажеттігі туралы талаптар басты назарда болды. Өйткені, еліміздің өркендеуі, дамуы, мемлекеттік қызметшілердің отансүйгіштігіне, білімі мен біліктілігіне байланысты. Сонымен қатар, үлкен жауапкершілікті де талап етеді. Себебі, мемлекеттің саясатын іске асыратын мемлекеттік қызметкер, ал мемлекеттік қызметтің мәртебесі мен беделі мемлекеттік қызметшілерге тікелей байланысты екені айдан анық.

Қандай да бір қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында мемлекеттік қызметтің алатын орны ерекше. Қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертуге негіз қалайтын «100 нақты қадам» жоспарының «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру» бөлігіне 15 қадамның енгізілуі мемлекеттік қызметтің маңыздылығын көрсетеді.

«Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында «Естуші мемлекеттің» басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтардың мүддесі үшін жұмыс істеуі тиіс деп көрсетілген. Бұл бірінші кезекте жергілікті билік органдарына қатысты болса да, барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар аталған қағидатты ұстану керек деп есептеймін.

Маңызды сәттердің бірі ретінде халықтың билік органдары жұмысының сапасына нақты көзқарасының объективті көрінісін беретін тәуелсіз әлеуметтік сауалнамалар болуы қажет. Әрбір мемлекеттік қызметші қызметінің қандай да бір мәселелері бойынша сауалнамаларды кеңейту және қолдану оның жұмысына объективті баға берер еді.

Билігі мықты елдің – тірлігі құтты. Күн өткен сайын мемлекеттік қызметшілерге қойылар талап та, жүктелетін жауапкершіліктің ауқымы да кеңейіп келеді. Бүгінде елімізде мемлекеттік қызметшілердің тиімді жұмыс атқаруына қажетті жағдайлар қарастырылған. Мемлекеттік қызмет толығымен жаңартылып, заман ағымына орай реформаланды.

Қазақта «Ел қуатты болмай, бақ тұрақты болмайды» деген нақыл сөз бар. Осы орайда мемлекеттілікті нығайтып, халқымыздың әл-ауқатын арттыру үшін маңызды бастамалар қолға алынуда. Ең алдымен, қоғамның береке-бірлігі бекем болуы керек. Бұған билік пен халық арасында тұрақты диалог орнату арқылы қол жеткізуге болады.

Мемлекеттік қызметші билік пен өз өкілеттіктерін қолдана білуі және адал болуы ол өз қамы үшін емес, мемлекет игілігіне жұмыс істеуі керек. Заң талаптарымен толық сәйкестікте өмір сүріп, кез келген орында, кез келген лауазымда қандай жағдай болса да халықтың, өз елі азаматтарының сенімін жоғалтпай, әділдіктің, қарапайымдылықтың үлгісі болып, адамдар арасында өзін ұстауға тәрбиелеу керек.

«Біз өзіміздің халықтың қызметшісі екенімізді ұмытпайық. Мансапқорлық көрсетпей, халыққа жақын, әр істе әділ болып, әрбір адамның мұң-мұқтажын қолдан келгенше түсініп, оны дәл сол кезде орындай алмасаң да түсіндіріп, дұрыс жауап беріп, шығарып салу – біздің парызымыз. Сонда әкімшілік те, мемлекеттік қызметкерлер де халыққа жақын болады», – деген Елбасының сөздері әрбір мемлекеттік қызметші үшін басты қағидаға айналуы тиіс деп білемін.

А.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ,

Алматы қаласы Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің мүлікке иелік ету бөлімі басшысының м.а.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»

Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Бейнесі жадымызда мәңгі сақталады



2021 жылдың 27 тамызында 87 жасқа қараған шағында ауыр дерттің салдарынан Сабыржан Абдвалиевич Шубаев дүниеден өтті.

Ол біздің аталарымыз бен әкелеріміздің буыны жүріп өткен сара жолға лайық өмір сүрді, ғұмыры ұзақ болғанымен, көрген қиындығы да аз емес еді.

1941 жылдың жазында әкесі Шубаев Абдвали Алматы облысы, Іле ауданында колхоз басшысы боп қызмет етіп жүрген жерінен өзі сұранып, майданға аттанған кезде Сабыржан небәрі 7 жастағы бала еді. Шубаев Абдвали 1944 жылы Молдова ССР-ының Дубоссарский ауданын жаудан азат ету кезінде ерлікпен қаза тапты. Анасы – Қасымбаева Алипа «Социалистік Қазақстан» газетінде және Алматы жеміс консерві комбинатында жұмыс істеп жүріп, жалғыз баласын бір өзі аяққа тұрғызды. С.А.Шубаев орта мектепті бітіргеннен кейін Алматы құрылыс техникумына оқуға түсті, әскер қатарында болып, әскери борышын өтеді, аға лейтенант шенін алды.

Сабыржан Абдвалиевич Қазақ политехникалық институтының инженерлік-құрылыс факультетін бітірген. Кәсіби құрылысшының даңқты еңбек жолынан өтті: ҚазКСР Министрлер Кеңесі жанындағы ерекше құрылыс басқармасының құрылыс шебері, прораб, «АлматыЖилстрой» трестінің СМУ-8 учаскесінің бастығы, Алматы үй құрылысы комбинаты СМУ-3-інің бастығы, Алматы қалалық атқару комитеті ӨКС бастығының орынбасары, Алматы қалалық атқару комитеті демалыс аймақтары бас басқармасының бастығы, Алматы қалалық атқару комитеті басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. 1985 жылдан 1989 жылға дейін әріптестерімен бірге «Көмек» жеке құрылыс кооперативін құрды және онда төрағаның орынбасары болып жұмыс істеді. Кейін өзінің еңбек жолын «Гүлдер» совхозының директоры лауазымымен аяқтады.

С.А.Шубаев өз елінің шынайы патриоты, өз ісіне адал, жоғары кәсіби білікті басшы болды. Ол Алматы қалалық кеңесінің бес шақырылымының депутаты болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Қазақ КСР коммуналдық шаруашылығының еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы берілді. «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» және «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды.

Сабыржан Абдвалиевич қажырлы еңбек ете жүріп, екі ұл, үш қыз тәрбиеледі. Шубаевтар әулеті – балалары, немере-шөберелері Сабыржан Абдвалиевичтің өмірден өтуіне байланысты қайғырып көңіл айтып, қолдау білдіріп жатқан жандардың бәріне алғыс айтады. Қымбатты әкеміздің есімі, бейнесі мәңгі жадымызда, жүрегімізде сақталады.

Пандемияға байланысты шағын отбасылық ортада әкемізді соңғы сапарына шығарып салдық. Туған-туыс, дос-жаранды шақырып, бір жылдан кейін әкеміз Сабыржан Абдвалиевичтың жылдық асын береміз.

ШУБАЕВТАР ӘУЛЕТІ.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі Социалистік Еңбек Ері, ардагерлер қозғалысының мүшесі

Антонина ПЛАХИНАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты туыстарына және жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alataу Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



ВАКЦИНАЦИЯҒА ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

ВАКЦИНАЦИЯ АЛДЫН АЛА ЖАЗЫЛУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ:

e.gov EGOV электрондық үкімет порталы арқылы

1. Egov порталында авторизациядан өту қажет;
2. «Қызметке онлайн тапсырыс беру» бөліміне өту;
3. Өзінің медициналық ұйымын көрсете отырып, өтінім беру;
4. Өтінімді қарағаннан кейін медициналық ұйым вакцинация жүргізу күні мен уақытын анықтайды;
5. Өтінімнің мәртебесі, вакцинацияның күні мен уақыты туралы хабарламаны жеке кабинеттің «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінен көруге болады;
6. Телефонға екпені алу күні мен уақыты көрсетілген қосымша SMS-хабарлама келіп түседі.



DAMUMED мобильді қосымшасы арқылы

1. Жеке кабинетте учаскелік дәрігердің қабылдауына жазылу;
2. Ескертпедегі мақсат - КВИ-ге қарсы екпе алуды көрсету



Өз емханаңызға телефонмен қоңырау шалу арқылы

1. Өзімен бірге жеке куәлігі болуы қажет

ВАКЦИНАЛАР НЕЛІКТЕН ЕКІ КОМПОНЕНТТЕН ТҰРАДЫ?



Егер вакциналарды әзірлеу кезінде бір дозаның тиімділігі жеткіліксіз болса, вирус туралы екпе салып және антиденелерді барынша мол түзіп, бірінші дозаның әсерін күшейтуге және нығайтуға иммундық жасушаларды ынталандыру үшін екінші доза қажет

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

«Денсаулық баспалдағы»

Алматылық экстремал спортшылар – Шыңғыс Байқашев пен Нияз Жанұзақов Қазақстан рекордын жаңартуға бел буды. Спортшылар Медеудегі 840 баспалдақпен 24 сағат бойы жүгіреді. «Денсаулық баспалдағы» тау трекингімен шұғылданатын экстремал спортшыларға да, жалпы алма-тылықтарға да жақсы таныс. Жыл сайын онда қала тұрғындары арасында баспалдаққа шығу жарысы өтіп тұрады.

Шыңғыс пен Нияз жаңа рекорд орнатып, қала тұрғындарын салауатты өмір салтын ұстануға шақырады. Спортшылар бір тәулікте баспалдаққа 70 рет шығып, түсуді жоспарлайды. Арасында ас-ауқат ішіп, біраз тыны-



ғып алу үшін үзіліс те болады. Ауа райының өзгергеніне қарамастан қайсар жігіттер баспалдаққа шығуды бастап та кетті.

АПТАЛЫҚ ЖҰЛДЫЗ–ЖОРАМАЛ (7–14 қазан)

ТОҚТЫ (21 наурыз – 20 сәуір)

Басыңызды тік ұстаныз. «Тек алға» деген ұранмен жүріңіз, сонда сізде бәрі болады. Махаббат та, байлық та, сыйластық та. Алға қойған мақсатыңызға жетуге талпыныңыз. Бұл өмірде өз күшімен талпынып, алға қойған мақсатына жетемін деген адамдар ғана талай белесті бағындырады. Сіздің алға қойған әлі талай армандарыңыз орындалады.

ТОРПАҚ (21 сәуір – 21 мамыр)

Осы аптада торпақтар көптеген қиындыққа тап болуы мүмкін. Қызғаныш пен көреалмаушылықтың әсерінен жасаған жұмысыңыз өз бағасына ие бола алмайды. Сіз үшін ең дұрыс шешім – өзіңіз бастаған істің сапалылығы мен тұрақтылығына сене білу.

ЕГІЗДЕР (22 мамыр – 21 маусым)

Ақшаңызға абай болыңыз. Аптаның алғашқы күндері қомақты қаржыны ұсақ-түйекке жұмсауға бейім боласыз. Кейбір дүниелерді сатып аларда ақыл таразысына салыңыз. Демалыс күндеріңіз сәтті өтеді. Қызықты ұсыныстар түсуі мүмкін, дайын болыңыз.

ШАЯН (22 маусым – 22 шілде)

Уақытыңызды жақындарыңызбен, достарыңызбен өткізуге тырысыңыз. Өз ойларыңызбен бөлісіңіз, өз жоспарларыңызды ортаға салыңыз. Сонда ғана өзіңізге жақтасын, көмектесуге дайын қанша адам бар екенін ұғынасыз. Бұрын сізді тыңдағысы келмеген адамдар осы аптада сіздің пікірлеріңізге шын жүректен ықылас танытады.

АРЫСТАН (23 шілде – 23 тамыз)

Ұсақ-түйекке ашуланбаңыз. Аптаның алғашқы күндерінде сабырлы болыңыз. Уақыт өте келе жағымды тенденциялардың әсері артады. Көңіл күй айтарлықтай жақсарады. Сонымен қатар, көптеген жаңа идеялар пайда болады. Оларды іске асыру үшін сіз жұмысқа үлкен ынтамен білек сыбана кірісіңіз.

БИКЕШ (24 тамыз – 22 қыркүйек)

Осы апта жаңа нәрсені бастау үшін қолайлы болмақ. Бақытыңызға орай жақын адамдарыңыз сізді қолдап, барлық жағынан көмектесуге дайын болмақ. Олардың арқасында бұрын қиын болып көрінген тапсырмаларды жеңе аласыз.

ТАРАЗЫ (23 қыркүйек – 22 қазан)

Апта маңызды істерді жүзеге асыруға қолайсыз болмақ. Ауа райының салқындығы сіздің көңіл күйіңізге де әсерін тигізбек. Көңіл-күйдің болмауы, денсаулықтың нашарлауы сізге қысқа уақытқа үзіліс жасау керектігін білдіреді. Егер сіз бұрындары айналысқан хоббиіңізге қайта оралғыңыз келсе, бұл рақаттан бас тартпаңыз.

САРЫШАЯН (23 қазан – 21 қараша)

Сіз өзіңізге ғана емес, басқаларға да көп жақсылық жасайсыз. Осылайша әр күніңіздің сәтті өтуіне мүмкіндік бересіз. Сіздің ескі таныстарыңызға мүлдем ұқсамайтын ерекше адамдармен әңгімелесу бақыты бұйырмақ. Олармен сөйлесу сізге қызықты ойлар туындатпақ.

МЕРГЕН (22 қараша – 21 желтоқсан)

Сіз көптеген әрекеттеріңіздің табысқа жететініне сенімдісіз. Егер батыл және тез әрекет етсеңіз, бұрын арман болып көрінген нәрселерге қол жеткізе аласыз. Қазіргі жағдайыңыз жақсы, бірақ сіз бір мүмкіндіктерді жіберіп алмауға тырысыңыз.

ТАУЕШКІ (22 желтоқсан – 20 қаңтар)

Кез келген күрделі және маңызды тапсырмаға келіспес бұрын оны орындауға жеткілікті уақытыңыз бар екеніне көз жеткізіп алыңыз. Осы аптада сәттілікке жететініңізге сенімді боласыз. Алайда, әр күніңіз сіз үшін жағымды жаңалықтарға толы болмайтынын естен шығармағаныңыз жөн.

СУҚҰЙҒЫШ (21 қаңтар – 19 ақпан)

Қарым-қатынас үшін қолайлы апта. Сіз түрлі адамдармен жақындасып кете аласыз. Көпшілікті бір қарағанда түсінетін боласыз. Кейде басқалардың не ойлайтынын, сізден не күтетінін олар қандай әрекеттерді жасайтынын байқауға болады.

БАЛЫҚТАР (20 ақпан – 20 наурыз)

Асықпаңыз. Барлығына бірден қол жеткізбейсіз, кейде қалаған нәтижеге жетпес бұрын сізге бірнеше рет әрекет ету қажет. Кездейсоқ кездесулер болуы мүмкін. Кейбір балықтар бұрын көп жақсы сөздер естіген адамдармен сөйлесе алады. Нағыз достық осындай танысудан басталуы мүмкін.

Әзірлеген

Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

Дарындыларға таптырмас мүмкіндік



Алматыда дарынды балалар бірнеше шығармашылық бағыт бойынша білім алады. Арт-резиденция аясында Қазақ-

станның заманауи суретшілері Алматыдағы балалар үйлерінің өрендеріне шеберлік сыныптары мен семинарлар өткізеді.

Жобаға барлығы 30 бала қатысады. Олар екі ай бойы ақысыз негізде көркемдік шеберлік курсынан өтеді. Арт-резиденциядағы сабақ кестесі міндетті мектеп бағдарламасын ескере отырып белгіленген.

Дарынды жетім балалар fine art, стилистика, кеңістіктік ойлау, граффити және street-art бағыттары бойынша білім алады.

– Өнердің басты мақсаты – әшекейлеу емес, үнемі ойлануға, жасау іздеуге, әлемге басқа қырынан қарауға итермелеу, – деді «Art Future» жобасының негізін қалаушы Тогжан Сақбаева.

50-ден астам марапат иеленді

Қазақстандық режиссердің «Лента» («The Ribbon») анимациялық фильмі беделді әлемдік кинофестивальдерде 50-ден астам марапат пен номинацияға ие болды. «Лента» – сиқырлы әлемде күтпеген жерден оянатын кішкентай қыз туралы 2D анимациялық қысқа метражды фильм.

– Кішкентай қыз және оған байланған қызыл лента туралы әңгіме. Фильм көп қырлы және эмоционалды. Бастапқыда бұл балалар фильмі сияқты көрінуі мүмкін, бірақ ол әлдеқайда терең мағына мен жетілген перспективаны жасырады, – деді жобаның режиссері және авторы Полла-Илария Козино. Режиссердің айтуынша, фильм 2019 жылы толық дайын болған. Содан бері ол АҚШ, Еуропа, Ресей, Жапония, Қытай фестивальдеріне қатысқан. Сондай-ақ, әлемдік кино сыншыларының жақсы пікірлерін алды.

– Біздің фильм бүкіл әлем бойынша 200-



ден астам кинофестивальге қатысты. Біз 50-ден астам марапаттарға ие болдық, көбінесе «Үздік анимация» немесе «Үздік қысқа анимация» атақтарын алды. Өкінішке орай, пандемияға байланысты біз көптеген фестивальдерге қатыса алмадық, – деді автор.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.